

## ТОГОМЕН ТИІМДІ ӘРІПТЕСТІКТІ ДАМУЫҒА МАҢЫЗДЫ



**Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада Қазақстанға ресми сапармен келген Того Республикасының Президенті Фор Эссозимна Гнассингбемен келіссөз жүргізді.**

Кездесу барысында Мемлекет басшысы Қазақстан мен Того күш жұмылдыра отырып, алдағы уақытта атқара алатын негізгі салаларды айқындады. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, екіжақты және халықаралық күн тәртібін ілгерілету үшін тұрақты диалог орнату қажет.

— Бүгінгі келіссөздер екіжақты байланыстардың жана кезеңін айқындап, өзара тиімді ынтымақтастығымыздың перспективті бағыттарын зерделеуге зор мүмкіндік береді. Біз Тогомен арадағы ықпалдастықты нығайтуға мүдделіміз және сіздің еліңізді Африкадағы маңызды серіктес ретінде қарастырамыз, — деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысының пікірінше, Қазақстан мен Того арасындағы серіктестіктің әлеуеті әлі толық пайдаланылмай отыр. Оны дамыту үшін екіжақты құжаттарға, соның ішінде ин-

вестицияларды өзара қорғау туралы келісімге қол қою қажет.

Қазақстан Президенті екіжақты сауда-саттықты өркендету және іскер топтар арасындағы байланысты нығайту маңызды екеніне тоқталып, Қазақстанның Тогодағы Құрметті консулы лауазымына лайықты кандидатты анықтауды ұсынды. Мемлекет басшысы мұндай қадам екі ел арасында В2В форматындағы байланыстарды дамытуға септігін тигізеді деп есептейді.

Фор Гнассингбе құрмет көрсеткені үшін Қазақстан тарапына алғыс айтып, өзара мүддені көздейтін экономиканың

түрлі саласында ынтымақтастық орнатуға бейілді екенін растады.

— Қазақстанға сапармен келуге шақыруыңыз біздің қарым-қатынасымызға тың серпін береді. Қазақстан мен Тогоның стратегиялық серіктес болуға мүмкіндігі бар. Сіздің еліңіздің экономикалық әлеуеті зор. Біздің делегация сауда, экономика, тау-кен, ауыл шаруашылығы, көлік, цифрландыру салаларындағы ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделі. Жан-жақты байланыс орнатуға бағытталған келіссөздеріміз қос тараптың өзара ықпалдастықты терендетуге ниетті екенін

айқын көрсетті, — деді Того Президенті.

Мемлекеттер басшылары Қазақстан мен Того арасындағы серіктестікті дамыту перспективаларын талқылады. Сондай-ақ келіссөз барысында саяси диалогті жолға қоюға, сауда-экономикалық, инвестициялық, энергетикалық, көлік-логистикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты кеңейтуге, денсаулық сақтау және әскери өнеркәсіп бағытында өзара ықпалдастық орнатуға ерекше назар аударылды.

(Жалғасы 2-бетте)

### ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



**Мемлекет басшысы Албания Республикасының Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады.**

Қасым-Жомарт Тоқаев Байрам Бегайды Албания Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

— Бүгінде Албания тұрақты даму, халықтың әл-ауқатын жақсарту және халықаралық қауымдастықтағы беделін арттыру жолында елеулі жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Осы ретте мемлекетіңіздің одан әрі қарыштап дамуына, еліңіздің мерейі әрқашан үстем болуына тілектеспін, — деп жазылған жеделхатта.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Байрам Бегайдың аса жауапты қызметіне толағай табыс, ал достас Албания халқына құт-береке тіледі.

## ЕСІРТКІМЕН КҮРЕСТІҢ ТЫҢ ТӘСІЛІН ҰСЫНДЫ

**«Жастар Рухы» жастар қанаты мен Astana Hub IT-стартаптар технопарк инновациялық әлеуметтік стартаптар арқылы нашакорлықпен күресу үшін AMANAT TECH жобасы аясында күш біріктірді.**

«AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты халықаралық Astana Hub IT-стартаптар технопаркпен бірлесіп, AMANAT TECH республикалық хакатон ұйымдастырды. Оған 16-35 жас аралығындағы 80-нен астам адам қатысты. Іс-шара «Есірткіге жол жоқ!» жобасы аясында нашакорлықпен және есірткі заттарының таралуымен күресудің инновациялық шешімдерін әзірлеп, жүзеге асыруға бағытталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев нашакорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің тиімділігін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударатыны белгілі. Биыл шілдеде Президент ШЫҰ-ның 2024–2029 жылдарға арналған есірткіге қарсы жана стратегиясын әзірлеуді және қабылдауды ұсынды.

3»



## БАЙЛЫҚТЫҢ БІРІ – ГАЗ, ЖАҒАЙЫН ДЕСЕҢ АЗ



**Ела аумағына көгілдір отын жеткізу көлемі 60%-ға жетті. Ресми статистика көрсеткендей, газбен қамту көрсеткіші 2018–2022 жылдар ішінде 49,7%-дан 59%-ға жылжыған. Үкімет биыл 160 мыңдай тұрғын аталған отын түріне қол жеткізіп, халықтың 60%-ы (11,8 млн адам) қамтылды деген деректі ұсынды.**

Қазақстанның негізгі газ кен орындары еліміздің батыс аймағында орналасқан. Соған сай, көгілдір отынды көбірек пайдаланатын да осы өңірлер. Мәселен, Маңғыстау облысы былтыр 2,6 млрд текше метр газ жағыпты. Бұл республика бойынша ішкі нарық суранысының 19%-на тең.

4»

## «ҚҰТЫРҒАН» БАҒА ҚҰРЫҚА КӨНЕ МЕ?



**Қандай күйзелісті кезеңде де мемлекет алдында тұратын басты міндет – халықты тамақтан тарықтырмау болса керек. Алайда дүкенге бас сұққан бұқара одан ұнжырғасы түсіп оралады.**

## АДАМ ӨМІРІНЕ АРАШАШЫ БІЛЕЗІК



**Технократтар заманында түрлі кеселдің алдын алуға, науқасқа уақытылы ем-дом шараларын көрсетуге арналған медициналық мүмкіндіктер артып келеді.**



# ТОГОМЕН ТИІМДІ ӘРІПТЕСТІКТІ ДАМУЫ МАНҒЫЗДЫ



(Басы 1-бетте)

Екіжақты келіссөздерден кейін Мемлекет басшысы мен Того Президенті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады. Мемлекет басшысы Того Президентімен ауыл шаруашылығы, жаңа технология, қазба байлықтарды бірлесіп игеру, өндіріс және инвестиция салалары бойынша да келіссөз жүргізгенін айтты.

— Екі ел үкіметтеріне тауар айналымын арттыру үшін нақты шаралар қабылдау жөнінде тапсырма беруге келістік. Әсіресе, Қазақстанның Тогоға дәнді дақылды экспорттау мүмкіндігі зор екеніне назар

аудардық. Еліміздің бастамасымен Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымы құрылғанын білесіздер. Мен Тогоны осы ұйымға мүше болуға, оның әлеуетін пайдалануға шақырдым, — деді Президент.

Мемлекет басшысы табиғи ресурстарға бай Қазақстан мен Того елдері темір, фосфат, боксит және басқа да сирек кездесетін минерал кеніштерін барлау, өндіру және игеру үшін бірлесіп жұмыс істеу мүмкіндігіне не екеніне назар аударды.

— Мен Қазақстан кәсіпкерлері Тогоның тау-кен өндірісін зерттеуге дайын екенін атап өттім. Сонымен қатар екі елдің көлік-логистика саласындағы әріптестігі жан-жақты талқыланды. Қазақстанға

Ломе портының әлеуетін қарастыру бойынша ұсыныс айтылды. Бұл теңіз айлағы қызмет ауқымы бойынша Батыс Африкада екінші орын алады. Біз өзара тиімді әріптестікті дамытуға барынша күш салуымыз керек. Сондықтан Того кәсіпкерлерін келесі жылы өтетін Астана халықаралық форумына қатысуға шақырдым. Олар форумда Қазақстанның экономикалық әлеуетімен таныса алады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Президент Астана мен Ломе арасында мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық орнату маңызды екеніне тоқталды.



— Бұл екі халықтың бір-бірін жақын таныуына мүмкіндік береді. Осы ретте Того жастарына Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алуды ұсындым. Бүгінгі қатынастарымызға тың серпін беру үшін елдеріміздің Құрметті консулдарын бекітуге келістік. Бұл келісімдер ынтымақтастықты нығайта түсері сөзсіз, — деді Президент.

Өз кезегінде Фор Гнассингбе Тогоның Қазақстанмен ынтымақтастық орнатуға ерекше көңіл бөліп отырғанын және стратегиялық серіктестікті өңіраралық қана емес, құрлық деңгейінде де дамытуға мүдделі екенін атап өтті.

— 300 миллионнан астам халқы бар Батыс Африка елдерімен тауар айналымын жолға қойған Того қазақстандық инвесторлардың қызығушылығын туғызады деп ойлаймын. Ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастығымыз дамып келе жатқаны қуантады. Бүгінде сіздің елдің Тогоға астық жеткізу мүмкіндігі мол. Қазақстан цифрландыру саласында айтарлықтай жетістікке жетіп отыр. Біз де өз елімізде цифрландыру жобаларын іске асырып, осы бағыттағы ынтымақтастықты жолға қоюға ниеттіміз. Бұл тұрғыдан сіздерден үйренеріміз көп, — деді Того Президенті.

## ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУ ӨЗЕКТІ



**Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Того Республикасының президенті Фор Эссозимна Гнассингбемен кездесті. Кездесу барысында екі елдің ынтымақтастығын дамыту және парламентаралық қарым-қатынасты кеңейту мәселелері талқыланды.**

Палата Спикері Того Республикасы Қазақстанның Батыс Африкадағы маңызды және перспективалы серіктестерінің бірі екенін атап өтті. Сондай-ақ ол парламентаралық деңгейде, оның ішінде халықаралық ұйымдар аясында өзара байланысты нығайтудың мәні зор екеніне назар аударды.

«Екіжақты қарым-қатынасымызда парламентаралық ынтымақтастық маңызды рөл атқарады. Біз Того Ұлттық Ассамблеясымен диалог орнатуға мүдделіміз. Заң шығару органдарында тиісті Достық топтарын құру осы бағыттағы алғашқы қадам болары анық. Депутаттарымыздың Парламентаралық одақ және басқа да халықаралық алаңдар арқылы байланыс орнатуға мол мүмкіндіктері бар. Сіздің

Қазақстанға сапарыңыз екі елдің парламентаралық ынтымақтастығын дамытудың негізін қалайды деп сенемін», — деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесу кезінде тараптар халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі мәселелерге де тоқталды. Сонымен қатар Сенат Спикері елімізде Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған реформаларды іске асыру жолында палата атқарып отырған заң шығару жұмысына назар аударды.

Өз кезегінде Того Республикасының президенті Фор Эссозимна Гнассингбе Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформаларды жоғары бағалап, барлық бағыт бойынша ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға және кеңейтуге мүдделі екенін жеткізді.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ӨЗ БАЛАЛАРЫНА ҚАРЫЗ

**Қазақстанда балалардың пайдасына борышкерлерден 23 млрд теңге алимент өндірілді. Бас прокуратураның мәлімдеуінше, 140 мың баланың пайдасына 23 млрд теңге көлемінде қарыз өтелген, сонымен қатар қарыз есебіне борышкерлердің 322 мүлкі өндіріп алушыларға берілді. Бүгінде қарыз сомасы 22 млрд теңгені құрайды.**

Осыған байланысты прокуратура органдары борышкерлердің есепке алынбаған және жаңа кіріс көздерін анықтау үшін жаңа тәсілдер мен алгоритмдер әзірледі: ол такси қызметіндегі мобильді қосымшалар арқылы жұмыс істеу (Яндекс, inDriver, DiDi, Uber), букмекерлік кеңселердегі ставкалар, электрондық әмияндар және тағы басқа қызметтерді қамтиды.

Белгілі болғандай, алимент төлемеудің негізгі себебі — борышкерлердің жұмысқа орналаспауы, тұрақты табыстың болмауы. Сол себепті прокуратура органдары сот орындаушылары, полиция, әкімдіктер және басқа да уәкілетті органдармен бірлесіп отырып жұмыс атқарады. Бірлескен жұмыс нәтижесінде 200-

ге жуық вакансия ұсынылған жәрменке ұйымдастырылды.

Бас прокуратура ақпаратына сәйкес, жұмыспен қамту органдарында 20 мың жұмыссыз борышкер есепке алынды, оның 9,5 мыңы жұмысқа орналасты. 500-ден астам түрлі ынталандыру шарасы өткізілді.

Алимент өндіруден жалтарған 6 мыңға жуық борышкер әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тартылды. 700 қалағалау актісі бойынша тәртіптік жазада 825 жеке сот орындаушы жазаланды.



## ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗДАНУ БАСТАМАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

**Премьер-Министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу Ядролық қаруға тыйым салу туралы шартқа (ЯҚТСС) қатысушы мемлекеттердің екінші конференциясына қатысты.**

Конференция сессиясында М.Нұртілеу сөз сөйлеп, халықаралық аудиторияның назарын ядролық қаруды сынау мен оны қолданудың зиянды салдарына аударды. Ол жаһандық қауіпсіздікті нығайту мақсатында диалог пен сенім шараларын кеңейтуге шақырды.

Қазақстандық дипломат сондай-ақ Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті әлем мен келісімді жақтайтын дүниежүзілік бірлік» туралы бастамасына назар аударды. Мемлекет басшысы биылғы қыркүйекте БҰҰ штаб-пәтерінде жариялаған бастама БҰҰ Жарғысына, халықаралық құқық пен өзара құрметке негізделген «тең диалогті» ілгерілетуді ұсынады.

ҚР сыртқы саяси ведомствосының басшысы Қазақстан Кирибатимен бірлесіп, ядролық сынақтардан зардап шеккендерге көмек көрсету және қоршаған ортаны қалпына келтіру жобаларын қаржыландыру үшін Халықаралық сенімді қорын құру бойынша ұсыныстар дайындағанын ерекше атап өтті.

Сонымен бірге сапар барысында министр М.Нұртілеу БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришпен келіссөздер жүргізді. А.Гутерриш Қазақстанның әлемдегі, әсіресе қазіргі геосаяси жағдайда маңызды рөлін жоғары бағалап, Мемлекет басшысының тиімді дипломатиясына ерекше тоқталды.

БҰҰ басшылығы еліміздің халықаралық қауіпсіздікті нығайтудағы, әсіресе ядролық қарусыздану саласындағы көшбасшылығы



мен бастамаларын атап өтіп, жаһандық ұйымның бітімгершілік миссияларына қолдау көрсеткенін үшін алғысын білдірді.

БҰҰ Бас хатшысының қарусыздану мәселелері бойынша орынбасары Изуми Накамичумен кездесуде Қазақстанның ядролық қарусыздану, жаппай қырып-жою қаруын таратпау режимін нығайту және ядролық қарудан азат аймақтар арасындағы ынтымақтастықты кеңейту бойынша бастамалары талқыланды. Тараптар осындай ядролық қарусыз аймақтарға қатысушы елдердің келесі кездесуін 2024 жылы Қазақстанда ұйымдастыруға келісті.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттігін құру туралы бастамасын жүзеге асыруға ерекше назар аударылды.

ICAN (Ядролық қаруға тыйым салу бойынша халықаралық

наукан) атқарушы директоры Мелиса Паркпен кездесуде Қазақстанның қарусыздану жөніндегі бастамаларын қолдауға және бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенін расталды.

Конференция барысында қазақстандық делегация ядролық сынақтардан зардап шеккендерге қолдау көрсету және қоршаған ортаны қалпына келтіруге арналған екі іс-шара өткізді.

Қазақстан СІМ мен БҰҰ хатшылығының бірлесіп ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының азаматтары мен ядролық қару сынақтарынан зардап шеккен Тынық мұхиты аймағындағы аралдық мемлекеттер өкілдерінің конференцияға қатысуына қолғабыс көрсетілді.

Екінші ЯҚТСС конференциясының қорытындысы бойынша, саяси декларацияны қабылдау және Қазақстанға төрағалықты 2 жылдық кезеңге беру жоспарлануда.

## АСТАНАДА ТІРКЕУ БОЙЫНША ШЕКТЕУ ЕНГІЗІЛУ МҮМКІН

**Биыл шілде айында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы көші-қон процестерін бақылауға алуды тапсырған болатын. Осы орайда қазір Астана әкімдігі елордада көші-қон процесін реттеу шараларын қабылдау туралы мәселені талқылауда.**

Әзірге азаматтарды тіркеу бойынша шектеулер енгізу ұсынылып отыр.

— Қазір заң жобасы әзірленіп, қосымша талқылау жүріп жатыр. Біз осы қағидалар шеңберінде азаматтарды тіркеу кезінде отбасы мүшелерінің жалпы санын қоспағанда, әр адамға 18 шаршы

метрден аспауы керек деген норманы қарастырдық. Яғни, тұтас отбасы осы пәтерге, тұрғын үйге толық тіркеледі. Отбасынан тыс адамдар болса, онда отбасының әр мүшесіне 18 шаршы метр бөлу процесі жүретіндей ойластырдық. Дегенмен әділет органдары бұл шараны Конституцияға сәйкес келмейді деп ұйғарды және қабылдамады. Қазір біз тіркеуді шектеу бойынша осы процесті реттеу құқығын беру үшін жоғарыда айтқан заңнамалық актілерге өзгерістер енгізіп жатырмыз, — деді Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жүсіпов қаланың қоғамдық кеңесінің отырысында.



## ЕСІРТКІМЕН КҮРЕСТІҢ ТЫҢ ТӘСІЛІН ҰСЫНДЫ

**«Жастар Рухы» жастар қанаты мен Astana Hub IT-старттаптар технопарк инновациялық әлеуметтік старттаптар арқылы нашақорлықпен күресу үшін AMANAT TECH жобасы аясында күш біріктірді.**

«AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты халықаралық Astana Hub IT-старттаптар технопаркімен бірлесіп, AMANAT TECH республикалық хакатон ұйымдастырды. Оған 16-35 жас аралығындағы 80-нен астам адам қатысты. Іс-шара «Есірткіге жол жоқ!» жобасы аясында нашақорлықпен және есірткі заттарының таралуымен күресудің инновациялық шешімдерін әзірлеп, жүзеге асыруға бағытталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев нашақорлықпен есірткі бизнесіне қарсы күрестің тиімділігін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударатынын белгілі. Биыл шілдеде Президент ШЫҰ-ның 2024–2029 жылдарға арналған есірткіге қарсы жаңа стратегиясын әзірлеуді және қабылдауды ұсынды.

«Президент былтырғы Жолдауында синтетикалық есірткілерді өндіру мен таратуға қарсы күрес жалпұлттық сипатқа ие болуы тиіс екенін ерекше атап өткен еді. Біздің партия нашақорлыққа, әсіресе жастар арасында жағымсыз әдетке берік тосқауыл қоюға, жан-жақты қарсы тұруға мүдделі. Заман қарқынды дамыған сайын зиянды заттарды таратудың жолы көбейді. Сондықтан жастарды есірткіге қарсы күреске белсенді араласуға ғана емес, сонымен қатар озық IT-технологияларды үйренуге және пайдалануға шақырамыз. Алдағы уақытта осы хакатонның аясын кеңейтіп, әр өңірде өткізуді көздеп отырмыз. Күш біріктіріп, заманауи технологияны пайдалану арқылы бұл сын-қатердің жолын тежеп, қауіпсіз қоғам құра аламыз», — деді «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек.

AMANAT TECH хакатонның қатысушылары бірқатар интеллектуалды IT шешім әзірледі. Мәселен, желіде есірткінің таралуы туралы ақпаратты автоматты түрде қадағалауға арналған мамандандырылған бағдарламалар жасап шықты. Бұл технологиялық жаныштықтың көмегімен онлайн-кеңістіктегі есірткі саудасы туралы хабарландыруларды анықтап, оны бірден құқық қорғау органдарына жолдап отыруға болады. «АСК» командасының мүшесі Уәлихан Айғожин интернет кеңістігінде есірткі сатушылармен күресудің жаңа әдісін бөлісті.

«Біз есірткі сатушылардың операторын «бұғаттауға», осылайша олардың саудасын тежеуге мүмкіндік беретін бағдарлама әзірледік. Telegram әкімшілігі жеке парақшаны бұғаттау туралы өтінішті қарап жатқан кезде, олардың жұмыс істеуіне жол бермейміз. Себебі олар виртуалды клиенттерді нақты клиенттерден ажырата алмайды», — деді ол.

Futurista командасының мүшесі, 11-сынып оқушысы Ұлжан Хамидолла есірткіге тәуелді адамдарды оналтуға арналған қосымша әзірледі.

«Бұл қосымшада психологтер мен әлеуметтік қызметкерлердің кеңесі 24/7 режимінде қолжетімді болады. Сондай-ақ аталған қосымша enbek.kz порталмен интеграцияланды. Яғни, сауығып кеткен адам осы қосымшаны пайдалана отырып, оқыту курсынан өтіп, жұмыс таба алады», — деді ол.

Жеңімпаздарды қазылар алқасының мүшелері: Астана қаласы ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы басшысының орынбасары Ер-кеш Қалықов, Astana Hub атқарушы кеңесінің директоры Дания Ахметова, блогер Яков Федоров, Blockchain Center директоры Айдана Касқырбек, AMANAT TECH үйлестірушісі Сұлтан Аллабергенов және «Құқық» қоғамдық қорының директоры Гүлмаржан Шунаева анықтады. Олардың шешімімен ІІІ орынды және 800 мың теңге-

нің сертификатын Shalkyma командасы, ІІ орынды және 1 млн теңгенің сертификатын AntiTox командасы жеңіп алды. Ал І орынды Futurista командасы иеленіп, оған 1,4 млн теңге көлемінде жүлде табысталды. Best market ready solution және The best scaling potential номинацияларында «АСК» және IB Sila командалары үздік деп танылды. Әр команда 600 мың теңге көлеміндегі жүлдеге ие болды.

Айта кетейік, «Есірткіге жол жоқ!» жобасы аясында биыл жыл басынан бері «Жастар Рухының» мыңнан астам белсендісі есірткі жарнамаларын өшіріп, үнемі рейде шығып тұрды. Еліміздің барлық 20 өңірінде 5 мыңнан астам осындай «хабарландыру» жойылды. Сонымен қатар түрлі оқу орындарында есірткі заттарының зияны туралы дәріс өткізіліп, Bir tolyqнда сараптамалық аландары және жастардың пікір-көшбасшыларымен және депутаттармен кездесулер ұйымдастырылуда.

Бұған дейін «AMANAT» партиясы жанындағы Жастарды қолдау жөніндегі республикалық кеңестің мүшелері жасөспірімдер мен жастардың денсаулығына зиян келтіретін электрондық темекілердің, алкогольдік ішімдіктердің, есірткілердің және өзге де зиянды заттардың таралуы, заңсыз айналымы үшін жауапкершілікті қатаңдату мақсатында заңнамаға түзетулер енгізуді ұсынды. Мәселен, Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері есірткі мен түрлі психотроптық және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жөніндегі заң жобасы бойынша жұмыс істеп жатыр. Құжат күшті және улы заттарды, психотроптық заттарды, аналогтерді, прекурсорларды, оларды дайындауға арналған құралдар-жабдықтарды заңсыз дайындау, қайта өңдеу, сапты алу, сақтау, тасымалдау және жөнелту әрекеттері үшін жауапкершілікті қатаңдатуы көздейді. Сондай-ақ бас бостандығынан айыру мерзімі мен айыппұл көлемін арттыру ұсынылуда.

## МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ БІРІНШІ ФОРУМЫ

**Кеше Әулиеата өңірінде «AMANAT» партиясы мәслихат депутаттарының бірінші облыстық форумы өтті. Онда аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына серпіліс беретін мәселелер талқыланды.**

Жиынға Жамбыл облысы әкімі Ербол Қарашөкеев пен орынбасарлары, басқарма басшылары мен қалалар мен аудандардан келген мәслихат депутаттары, партия белсенділері мен ардагерлері қатысты. Депутаттар мен билік өкілдерінің арасын-

басшысының реформаларын бірлесіп, табанды түрде жүзеге асырамыз. Туған өлкеміз, киелі жеріміз дамиды, халқымыздың тұрмыстық табысы артады. Осы бағытта сіздер барлық күш-жігерлеріңізді, тәжірибелеріңізді жұмсайсыздар деп ойлаймын», — деді аймақ басшысы Ербол Шырақбайұлы.

Ал «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы Дауыл Бейсенқұлов барлық депутаттарды міндеттерді жүктеді. Ол ең алдымен, Жол картасындағы көрсеткіштердің

бейінді басқарма басшыларының қатысуымен панельдік секцияларға қатысты. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Нұржан Календеров «Экономика, әлеуметтік қорғау, білім, денсаулық сақтау, еңбек қатынастары, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, транспорт, энергетика, цифрландыру мәселелер» тақырыбында депутаттармен секция өткізді.

Еркін форматта өткен форумның екінші бөлімінде өңірдегі өзекті мәселелер көтерілді. Сондай-ақ оның шешу жолдары да қарастырылып, ұсыныс-



дағы сындарлы диалог барысында облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына серпіліс беретін мәселелер талқыланды. Жиында сөз алған аймақ басшысы Ербол Қарашөкеев жергілікті билік өкілдері кожан-қолтық жұмыс істеп, партияның «Халықпен бірге!» сайлаудалық бағдарламасы аясындағы өңірлік Жол картасының сапалы орындалуына атсалысу қажеттігін жеткізді.

«Партия жұмысының тағы бір маңызды саласы ол — партиялық жобалардың жүзеге асырылуы. Бүгінде партияның халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған 15-тен аса жобасы бар. Тіпті, «AMANAT» партиясының «Ауыл аманаты», «Жер аманаты», «Қарызсыз қоғам» жобаларын Мемлекет басшысы өз Жолдауында ерекше атап өткен болатын. Міне, осы жобаларды іске асыру, оны халық арасында түсіндіру, оның игілігін әрбір сайлаушыға жеткізуде депутаттар алдыңғы қатарда болуы қажет. Шын мәнінде, біз «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығарып бірлесіп жұмыс атқаруымыз керек. Яғни, «келісіп пішкен тонның келте болмайтыны» секілді тығыз байланыс қана жұмысымызды жүйелендіріп, бағамаларымызды нәтижелі етеді. Сонда ғана Мемлекет

сапалы орындалуына партиялық, қоғамдық бақылау орнату, мемлекет қаржысының мақсатты жұмсалуды қамтамасыз ету. Сондай-ақ, филиал төрағасы фракция жұмыстарын жетілдіру бойынша бірқатар мәселелерді атады.

«Өңірдегі депутаттардың 70%-ы біздің партиямыздың мүшелері. Бүгінгі басқосуымызға барлығы дерлік қатысуда. Бұл — өте үлкен күш. Аманаттықтар жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің өзегін құрап, көшіні бастап келеді. Мәслихаттардың рөлі мен мәртебесі айтарлықтай өзгерді. Мажоритарлы жүйемен өткен сайлауда халық өз таңдауын жасап, мәслихат құрамына халықтың өртүрлі әлеуметтік топтарының өкілдері сайланып, барлық тарап қамтылды. Сайлаудан бері 8 ай уақыт өтті. Осы мерзімде біздің депутаттар бірқатар тынымды тірліктер атқарып, халықпен бірге болды», — деді Дауыл Ынтықбайұлы.

Сонымен қатар форумда облыс әкімдігінің Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Сандуғаш Абдралиева сөз сөйледі. Ол тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған аймақтағы өзгерістер туралы айтты. Жиында мәслихат депутаттары облыс әкімі орынбасарларының және

пікірлер назарға алынды. Мәселен, мектептерге көмелетке ұлғайтылған істері жөніндегі уәскелік полиция инспекторларын қайтару, аудандардағы білім бөлімдерін жергілікті әкімдікке қайтару сынды ұтымды ұсыныстар айтылды. Тілге тиек ете кетерлік жайт, өңірдегі білім ошақтарындағы медикелер 0,5 бірлікпен жұмыс жасайды екен. Сондықтан олар мектептерде тек түске дейінгі ауысымға ғана қызмет көрсетеді. Ал түстен кейінгі ауысым оқушылары медициналық қызметкерлердің назарынан тыс қалып қойып отыр. Бұл мәселелер облыс басшылығына жеткізілді. Ол бойынша алдағы уақытта тиісті шешімдер қабылданатын болады.

Сондай-ақ панельдік секцияларда ауыл шаруашылығы туралы мәселелер де кеңінен талқыланды. Оның ішінде, шаруаларды алаңдатып отырғаны — ағын су жайы. Бұл бойынша аймақта 236 канал мен 13 су қоймасы коммуналдық меншікке алынып, жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұдан өзге, білім, мәдениет және жастарға қатысты өзекті проблемалар көтеріліп, шешу жолдары жергілікті атқарушы орган мен депутаттар арасында қызу талқыланды.

Саятхан САТЫЛҒАН,  
Жамбыл облысы

## НЫСАНДАР ҚҰРЫЛЫСЫ — ПАРТИЯ НАЗАРЫНДА



**«AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалының Партиялық бақылау комиссиясы мен филиал жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің мүшелері партияның сайлауды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасы көрсеткіштерінің орындалуы бойынша Тараз қаласындағы білім мекемелерінің құрылыс жұмыстарына қоғамдық бақылау жүргізді.**

Комиссия мүшелері Тараз қаласы аумағында жаңадан салынып жатқан «Қазарма» иінін-

дегі 180 орындық мектеп құрылысы жұмысымен танысты. Аталған мектеп құрылысын

«Тараз Құрылыс Инвест» ЖШС жүргізуде. Білім ошағына 695 534 мың теңге бөлінген. Серіктестік мектеп құрылысын келісімшарт бойынша биыл 30 желтоқсанда пайдалануға беру қажет. Айта кетерлігі, қазіргі таңда серіктестік мектептің спорт залының шатырын жабу жұмыстарын жүргізуде. Құрылыс басында 17 жұмысшы және 3 бірлік техника жұмыс істеуде. Мердігер мекеме өкілінің айтуынша, аталған құрылысты олар 16 желтоқсанға дейін толық аяқтамақ.

Комиссия және кеңес мүшелері тарапынан құрылысқа жауапты өкілдерге білім нысанындағы спорт залының шатырын жеделдетіп жабу, нысанды тиісті мерзімде пайдалануға беру жөнінде ұсыныстар берілді. Сондай-ақ мердігер компаниялардың өкілдеріне құрылыс жұмыстары толық аяқталғанға дейін қоғамдық бақылау жұмыстарының жалғаса беретіндігі де ескерілді.

## «АУЫЛ АМАНАТЫ»: 342 ЖОБА ҚОЛДАУ ТАПТЫ

**«AMANAT» партиясының ауылдық жерлердегі халықтың табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы аясында сыр өңіріне биыл 3 млрд теңге қаражат бөлінген болатын. Бағдарлама негізгі 5 бағыт бойынша 600 жобаға қолдау көрсету қарастырылған.**

Жобаны сапалы іске асыру мақсатында негізгі басымдық өндірістік жобаларға берілуде. Бұл ретте, жеке қосалқы шаруашылықтардың жұмысын, атап айтқанда шағын цехтар, жылыжай өндірісі, омарта, балық және құс шаруашылығын дамытуға бағытталуда. Осының нәтижесінде, 636 жаңа жұмыс орнын ашу көзделген. Қазір жоба бойынша қаржыландыру бағыттары анықталып, барлық ауылдық елді мекендерде халыққа түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Бұл бағдарлама өңдеу, егін кооперативтерін жабықтау, мал шаруашылығы және басқа да бағыттағы



бизнес жобаларға арналған. Бүгінде 2,5 млрд теңгелік 342 жобаның құжаттарын несиелік комиссияға мақұлдады. Ал 142 жоба бойынша қарастырылған несиелік кооператив пен 124 жеке кәсіпкерге берілді. Осының нәтижесінде 288 жұмыс орны ашылмақ.

Жоба аясында алғашқылардың бірі болып несиелік алып, көсімін бастап кеткендер де бар. Солардың бірі — Сырдария ауданы, Бесарық ауданындағы «Сыр құсы» шаруа қожалығы. «Ауыл

аманаты» жобасы аясында 27,6 млн теңге жеңілдетілген несиелік алып жергілікті кәсіпкер құс өсіру ісін қолға алған. Қазір Жамбыл облысынан 3 000 балапан әкеліп, екі шағын цехта өсіріп отыр. Негізгі мақсаты — Сыр халқын тауық етімен қамтамасыз ету. «Сыр құсы» өкілдерінің айтуынша, шөжелер ет бағытына арналған. Қысқа мерзімде 1,5-2 келі ет береді, яғни 30-55 күн жақсылап бағып, союға болады екен.

Дайындаған Нұрлан КОСАЙ

Қандай күйзелісті кезеңде де мемлекет алдында тұратын басты міндет – халықты тамақтан тарықтырмау болса керек. Алайда дүкенге бас сұққан бұқара одан ұнжырғасы түсіп оралады: азық-түлік тоқтаусыз қымбаттауда. Әр тиын-тебенді санай-санай, қазақстандықтардың саусағы талып, санасы сансырады. Содан Үкімет әлеуметтік маңызды тауарлар бағасын құрықтауға қатаң кірісті. Күрес бірнеше бағытта жүреді. Соның бастысы – алыпсатарларды жазалау, арынын ауыздықтау болмақ.

Елдос СЕНБАЙ

Тағам атаулының бағасы басқа шауып, төске өрлеп, инфляцияға да салмағын салып жатыр. Сарапшылардың айтуынша, салдарынан Қазақстандағы инфляция – әлемдегі ең жоғарғы көрсеткіштердің біріне айналды. Мұны шенеуниктер де мойындады.

Ұлттық банк төрағасының орынбасары Данияр Вагаповтың айтуынша, жалпы алғанда, биыл жылдық инфляция 10,8%-ға дейін баяулады. Салыстыра кетсек, 2022 жылдың соңында, желтоқсанда 20,3%-ға жетіп еді. Соған қарамастан, 2023 жылы айлық және базалық инфляция таргеттен, нысаналы дәлізден бәрібір асып кетті. Сонымен бірге бағаның өсуі де екі таңбалы мәнде калууда.

«Айлық инфляция өткен айдың деңгейінен және таргеттен жоғары қалыптасты: 0,7%-ды құрады. Бұл инфляцияға қарсы саясатты одан ары жалғастыруды талап етеді. Әсіресе, азық-түлік инфляциясы жылдық мәнде 10,4% болды. Оның айлық мәні қыркүйектегі 0,3%-дан қазан айының қорытындысында 0,5%-ға дейін қарқындалды. Азық-түлік тауарлары құрылымында қазанда жұмыртқа, нан, жарма, қант, түрлі тәттілер, жаңа піскен жемістер мен ет бағасы тағы қымбатталды. Есесіне, ірімшік, жаңа піскен көкөністер мен күнбағыс майы арзанды», – деді Данияр Вагапов.

#### АЛЫПСАТАР –

#### АЛДАР КӨСЕ ҰРПАҒЫ...

Құзырлы органдар бағаны алыпсатарлар, яғни бөлшек сауда орындары көтеріп отыр деп күдіктенеді.

Прокуратура органдары уәкілетті меморгандармен бірлесіп,

# «ҚҰТЫРҒАН» БАҒА ҚҰРЫҚҚА КӨНЕ МЕ?



елдің ірі көтерме сауда базарларында әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларының (ЭМАТ) құнын қалыптастырудың негізділігі тұрғысынан тексерулер жүргізіледі. Қорытындысында біраз былықты анықтаған көрінеді.

Біріншіден, бағаны әділетті, негізді емес, спекуляциялық тәсілмен көтеру деректері тіркелді. Екіншіден, қымбаттау үшін тауарлардың жасанды тапшылығын туғызады. Мысалы, жұртшылық тауардың нақты бір брендіне, түріне бой үйретеді. Алайда кенеттен ол өнім сөрелерден жым-жылас жоқ болады. Саудагер: «аз әкелінеді, сіздің алдыңызда ғана тегіс сатылып кетті», – дей салады. Нәтижесінде, бірнеше рет келіп, тауарын әзер тапқан адам оны бағасы жоғарылауда, қуана-қуана сатып алады. Тіпті, біразға жетуі үшін сөреле тұрғанының бәрін әкетуі мүмкін. Үшіншіден, сауда-

герлерді бағаны арттыруға кейбір базар әкімшіліктері де мәжбүр етеді: не жалдау ақысын көтереді немесе сауда орындары үшін ақыны өзі жинамай, өзімен сыбайлас фирмаларға тапсырады. Сөйтіп, екі жер биге шығады. Бір жағынан, базар ғимаратын жағала беруші емес, жай басқарушы ғана ретінде төлейтін салығын азайтады, екінші жағынан, тұсының ЖШС арқылы жалға алушылардан аренда ақысын көбірек жинай алады.

Тексеруші құрылымдар тіпті базар әкімшілігімен сыбайлас тұлғалардың саудагерлерді әлеуметтік тауарларды жоғары бағамен сатуға мәжбүрлеуінің сорақы фактілерін әшкерелепті.

Тексеру барысында бөлшек бизнестің үлкен бөлігі сол бұрынғыдай көленкеде қалғаны белгілі болды. Ел бойынша ЭМАТ сатушыларының жартысынан көбі өз қызметін салық органдарында туын-

кеусіз және кассалық аппараттары пайдаланбай жүзеге асырады.

Комитет өкілдері бір мысал келтірді: Шымкент қаласының 10 базарында ЭМАТ сататын 100-ге жуық сауда субъектісі тауарлардың шығарылуы мен өткізілуіне қатысты бір де бір қаржылық-есеп құжаттарын ұсына алмаған. Тиісінше, олардың тауарды қаншаға алатыны, оған қанша үстемеақысын қосатыны белгісіз. Көңілі толмай, күнкілдеген жұртқа: «біздің өзіміз қымбат бағамен алып жатырмыз», – дей салады. Ол сөзін дәлелдей алмайды.

«Мәселен, Павлодар облысындағы 9 ірі көтерме базардағы 3,6 мың сатушының 99,7%-ы арнайы салық режимін қолданады. Бөлшек сауда айналымының 66% үлесі шағын кәсіпорындарға тиесілі. Оларды тексеру марапаторий қойылған. Мұның бәрі реттеуші жүйедегі проблемаларды туын-

датты. Әрі ЭМАТ саудасының бақылаусыз кетуі және ақшаның түсімін көленкелі айналымы түрінде ауқымды салдарларға соқтырды», – деді Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитетінің мамандары.

#### АМАЛ ЖОҚТАН АРГЕНТИНА ЖОЛЫНА ТҮСТІ

Ресми мәліметтерге қарасақ, биыл баға сан алуан тауарлар бойынша 20%-ға өсті. Бірақ іс жүзінде сауда орындарындағы баға көтеру көлемі 50% немесе одан да көп асып кеткені анықталған. Бұдан бөлек, кез келген түрбелең бағаның 70%-ы жоғары, тіпті еселеп қымбаттауына әкеледі.

Ал заңға сай, баға өсіру 15 пайыздан аспауы керек. Нақтыла-сақ, Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 204-4-бабының негізінде бөлшек сауданың әр тауарға шекті үстемесінің рұқсат етілген мөлшері өндірісін босату бағасының көтерме сауда жеткізушінің сатып алу бағасының 15%-ынан артық болмауы шарт.

Алайда сарапшылар заңның бұл тегі парменді жұмыс істемейтініне назар аудартады. Өйткені Әкімшілік кодексінің аталған 204-4-бабына сәйкес, алыпсатарлық бағаны негізсіз, салмақты себепсіз арттырғаны әшкереленсе, бірінші жолы ол тек «ескертумен» құтылады.

Ал бір жыл ішінде әлгі қарау әрекетіне қайталап барса ғана әкімшілік айыппұл салынады: шағын кәсіпкерлерге – 10 АЕК (2023 жылы 34 500 теңгеге тең), орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 75 АЕК (258 750 теңге), ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 300 АЕК (1 млн 35 мың теңге) айыппұл.

Қу алыпсатарлар мұны айналып өтудің жолдарын тапқан: бағаны бір жылдан соң күрт көтереді. Тіпті, бір жыл ішінде тағы қымбаттатса, ұсталмауы мүмкін. Тексеруші ұйымдарда маман тапшы, штат та аз. Ал тіркелген саудагерлер санының өзі – 146 854 субъект. Күн сайын бақылауда ұстай алмайды.

Мәселен, 2022 жыл қорытындысында еліміз бойынша осы құқықбұзушылығы үшін небары 323 әкімшілік іс қозғалды, 301 сауда субъектісі ескертумен құтылған. Тәжірибе көрсеткендей, ескерту түріндегі әкімшілік жаза сауда үстемесінің төмендеуіне әсер етпейді және сауда субъектілерінің жауапкершілігін арттырмайды. Жазаланғандарының өзі арттырған бағасын кері түсіре бермейді.

Сондықтан Сауда комитеті «ескерту» ойынын тыйып, бағаны негізсіз жоғарылатқан алыпсатарларға бірден айыппұл салуды ұсынып отыр. Осы мақсатта ведомство «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жаңа заң жобасын әзірлеп шықты.

Қазақстан Үкіметі бұл жерде Аргентинаның тәжірибе-үлгісін алға тартты. Ұзақ жыл дағдарыстардан бас көтере алмай жатқан бұл мемлекет бұқараны тарықтырмау үшін өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан бері бағаны бақылауға және жеткізілімдерді реттеуге мықтап кірісті. Қазір бұл мәселелер 1974 жылғы №20 680 «Жеткізу туралы» заңымен реттелді: онда баға спекуляциясымен айналысқан саудагерлерге 10 миллион аргентиналық песоға дейінгі айыппұл салынады, кәсіпкер барлық жеңілдіктерінен, арнайы салық режимдерінен айырылуы мүмкін.

Қазақстан сонша қаталдық танытпайды. Парламент қабылдайды деп күтіліп отырған жаңа заң тек алыпсатарлар өз сауда үстемесінен асырғаны анықталса, бірінші жолы жеке тұлғаларға, шағын кәсіпкерлерге – 5, орта кәсіпкерлік нысандарына – 35, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 150 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуды қарастырады.

Сондай-ақ 2013 жылы Аргентинаның Экономика министрлігі елдегі негізгі супермаркеттер желілерінің өкілдерімен және жеткізушілерімен ерікті келісім бекітіп, Prices Care бағдарламасын іске қосты. Олар түпкілікті тұтынушыға өнімдерді Үкіметпен келісілген бірінші және тұрақты бағамен сатуға міндеттелді. Биылғы 7 қазанда Prices Care бағдарламасы тағы ұзартылды.

Айтпақшы, таяуда Мәжіліс депутаттары Үкіметке депутаттық сауал жолдап, елдегі барлық азық-түлік бағасын мемлекеттік реттеуді енгізуді ұсынды. Үкімет басшысы Әлихан Смайылов өз жауабында бұдан бас тартты. Реттеу жаппай емес, тек ЭМАТ тауарларына қатысты қалады.

Бизнес орта Үкіметтің бұл жаңашылдығына қазірден қарсы шығуда. Алыпсатарлардың лобби қуатты көрінеді. Министрлер кабинетіне дейін шыққан олар билікті «арта қалған Аргентинаның жолына түсті» деп ұялтуға, айнытуға тырысады. Бірақ баға «үлгімен» күресте Үкіметтің шегінер тылы, басқа жолы қалмағанды ұқсайды.

## БАЙЛЫҚТЫҢ БІРІ – ГАЗ, ЖАҒАЙЫН ДЕСЕҢ АЗ

Ел аумағына көгілдір отын жеткізу көлемі 60%-ға жетті. Ресми статистика көрсеткендей, газбен қамту көрсеткіші 2018–2022 жылдар ішінде 49,7%-дан 59%-ға жылжыған. Үкімет биыл 160 мыңдай тұрғын аталған отын түріне қол жеткізіп, халықтың 60%-ы (11,8 млн адам) қамтылды деген деректі ұсынды.

Бауыржан БАЗАР

Қазақстанның негізгі газ кен орындары еліміздің батыс аймағында орналасқан. Соған сай, көгілдір отынды көбірек пайдаланатын да осы өңірлер. Мәселен, Маңғыстау облысы бытыр 2,6 млрд текше метр газ жағыпты. Бұл республика бойынша ішкі нарық сұранысының 19%-на тең. Отынның осынша көлемі облыстағы елді мекендерді жылтырдан бөлек, ірі өнеркәсіп нысандарын, сондай-ақ өңірдегі негізгі энергетикалық кәсіпорын – жылу мен электр энергиясын өндіретін «МАЭК» ЖШС тұрақты газбен жабдықтауды қамтамасыз еткен. Өңірдегі тұтыну көрсеткіші тұрақты түрде өсіп келе жатқандықтан Президент тапсырмасы негізінде қазан айында «Бейнеу–Жаңаөзен» магистралды газ құбырының екінші желісі пайдалануға берілді. 308 шақырымдық құбырдың газ өткізу мүмкіндігі жылына 5,8 млрд текше метр. Осылайша, облыстың газға деген қажеттілігі жабылған-дай.

Оңтүстікте ең жоғарғы көрсеткіш: Алматы (99,2%) мен Шымкент (94,2%) қалаларына және Жамбыл облысына (90,2) тиесілі. Ал еліміздің солтүстігіндегі өңірлер магистралды газ құбырларынан (Бейнеу–Шымкент, Қазақстан–Қытай) тым шалғай жатқандықтан мұндай жеңілдіктің «ауылы алыс» секілді. Мәжіліс депутаты Еркебұлан Мәмбетовтің пікірінше, оңтүстіктен Астанаға тартылған құбырды ары қарай солтүстікке созу арқылы теріскейді табиғи газбен қамтамасыз етуге болады.

«Мәселен, ұзындығы 1 061 шақырым болатын «Сарыарқа» магистралды газ құбыры бір жылдан астам уақыт ішінде салынып бітті. Енді құбырды Астанадан солтүстікке жеткізу аса қашық емес қой. Егер газ барса, оңтүстік өңірлерден қоныс аударушылар саны да артып, облыстағы демографиялық ахуал тұрақтанады. Бұл жоба іске асса, солтүстік облыстардағы халықтың өмір сүру сапасы артып, экономиканың қарқынды дамуы жеделдейді және экологиялық мәселесі де жақсарар еді», – дейді депутат.

Алайда «Сарыарқа» құбырымен жеткен табиғи газ көлемінің де шегі бар. Мың шақырымды арқа тастап жеткен магистрал, ең алдымен Елорданы толық қамтамасыз етуі тиіс. Бүгінде дейін Астананың тұрғын үй алабындағы 12 мың абонент газға қосылыпты. Одан бөлек, көпқабатты үйлерді жылытатын ЖЭС–1-дегі 10 қазандық, ЖЭС–2-де 6 қазандық газ жүйесіне ауыстырылған. Қазір Астананың айналасындағы Аршалы, Целиноград аудандарына газ жеткізу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осыған орай, Үкімет екі бірдей нұсқаны қарастырып, техникалық мүмкіндіктерін саралап отыр. Оның бірі – «Сарыарқа» магистралды газ құбырының тиімділігін байқап көру, екіншісі – Ресей газ тасымалдау жүйесіне қосылу. Өйткені солтүстік және шығыс аймақтарды газдандыру үшін жылына шамамен 2,5 млрд текше метр газ қажет болады екен. Салыстыру үшін айтсақ, оңтүстіктегі облыстардың жылдық тұтыну көрсеткіші – 5 млрд текше метр. Яғни, «Сарыарқа» құбырын пай-

далану – оңтүстіктің отынына ортақтасу деген сөз.

Расы керек, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Абай және Шығыс Қазақстан облысының тұрғындары тәуелсіздік алғалы бері орталық газ жүйесі дегенді білген емес. Бұл өңірдегі жылу жүйесі мен энергетикалық нысандар түгелдей көмірге негізделген. Ал аудандар мен ауыл халқы алты ай қыста қолға түскен отын түрін (ки, ағаш, көмір) жағып жан сақтайды.

Energyprom порталының дерегінше, Қазақстан ел аумағын газдандыру ісінде ЕАЭО-қа мүше мемлекеттерден кейін калууда. Бірінші орында 97%-бен Беларусь Республикасы келеді. Бұл ел өз жерінде азғантай көлем өндіретінімен «көгілдір отынды» Ресейден импорттап (жылына 20 млрд текше метр) осы көрсеткішке жеткен. Бір қызығы, Армения өз жерінде ешқандай газ кен орны болмаса да сырттан импорттап, халқының газға қол жеткізу көрсеткішін 96%-ға жеткізе алған. Республика газды Ресей (87,7%) мен Ираннан (12,1%) импорттайды. Армения үкіметінің дерегінше сүйенсек, 2022 жылы мемлекет 504 млн долларға көгілдір отын сатып алған. Одақтың өзге екі елі Ресейде көрсеткіш – 73% болса, Қырғыз Республикасында – 38%.

Әрине, тұрғындарды газбен қамтамасыз етуде жер шалғайлығы мен халықтың қоныстану көрсеткіші де негізгі рөлге ие. Мәселен, жоғарыда бізден озық тұрған Беларусьтің жер көлемі – 207,6 мың шаршы шақырым болса, халық саны – 9 200 600 адам. Арменияда халық саны – 3 227 800 адам, аумағы – 29 743 шаршы шақырым (өлшем бойынша 138 орын) ғана.

Олардың қасында біздің жер көлеміміз миллион шаршымен саналады. Қазақстан жерінің аумағы бойынша дүниежүзінде 9 орында (2 млн 724,9 мың шаршы шақырым) тұр. Мұндай ауқымды көр-



сеткіштер жер қойнауынан газ өндіру, өңдеу, құбырмен жеткізу, тасымап шығындарын қосқанда отынның өзіндік құнының өсуіне әкеледі.

#### ГАЗ БАҒАСЫ ӨСЕДІ

Табиғи газдың құны осы уақытқа дейін мемлекеттің реттеуінде болды. Биылғы 11 қыркүйекте Президент қабылдауында болған QazaqGaz АҚ Басқарма төрағасы Санжар Жаркешов 2022 жылдан бері ұлттық компания халық пен бизнеске 389 млрд теңгеге газ бағасына субсидия жасағанын мәлімдеген-ді. Десе де, ішкі нарықта отынның осы түрінің бағасы біртіндеп көтеріліп келеді. Энергетика министрлігінің дерегіне сүйенсек, табиғи газдың құны алдағы бес жыл бойына қымбаттау түседі. Бағаның өсуі әр өңірдің сұранымына қарай қалыптаспақ. Мысалы, Алматыда 1 мың текше метр газдың бағасы 25,1 мың теңге көлемінде болса, 2023–2028 жылдары аралығында жыл сайын 12–15%-ға көтеріліп, бес жылдан кейін 42,7 мың теңгеге жетпек. Ал Атырау облысында бес жыл ішінде көгілдір отын құны 18,5%-ға өседі. Яғни, 1 мың текше метр газдың құны қазіргі 9,6 мың теңгеден 11,4 мың теңгеге қымбаттайды.

Газ бағасының қымбаттауына басты себеп – сұраныстың артуы. Әсіресе, бытырғы қыста тұтыну

рекордты көрсеткішке жетті. Бір ғана қаңтар айында тәулігіне 95 мың текше метр көгілдір отын пайдаланылды. QazaqGaz ұлттық компаниясының болжамынша, тұтыну көлемі әлі де өсе береді.

#### КӨГІЛДІР ОТЫННЫҢ ҚОРЫ ҚАНША?

Қазақ жеріндегі газ қорының көлемі жөніндегі көрсеткіші әр дерек көзінде әртүрлі айтылады. Мысалы, Kazenergy ұйымының 2021 жылғы ұлттық баяндамасында Қазақстан әлемде 16 орында екені айтылса, кейбір дерек көздері 19 орын дегенді алға тартады. Бір анығы, ТМД елдері ішінде Ресей, Түрікменстан, Әзербайжаннан кейін төртінші тұрмыз. Демек, жерасты байлығы бар, ендігі міндет – халық игілігіне жарату.

Айта кетейік, әлемде газдың дәлелденген қоры бойынша Топ-5 мемлекетке Ресей, Иран, Қазақстан, АҚШ, Түрікменстан кіреді. Дегенмен әлемдік нарықта газ саудасын қыздырып отырған ойынның мемлекеттердің өзі халқын тұтас газбен жарылқай алып отырған жоқ. Отын байлығынан бірінші орында тұрған Ресейдің биылғы көрсеткіші – 73,8%. «Газпром» келесі жылы бұл санды 74,7%-ға жеткізуді міндетіне алып отыр. РФ Алтай аймағында газдандыру деңгейі 18% көлемінде ғана. Шағырғанқы орналасқан 1 600 елді мекеннің

125-де газ бар. Иран үкіметі алдағы екі жыл ішінде тұрғындарын толық қамтамасыз ететін деп отыр. Бұлардың ішінде жоғарғы көрсеткішке (99,5%) ертерек қол жеткізген мемлекет – Түрікменстан. Бытыр бұл мемлекет 82,7 млрд текше метр газ өндіріп, оның 30 млрд текше метрін Қытайға экспорттаған.

QazaqGaz АҚ Басқарма төрағасы Санжар Жаркешовтің апаратын көздеріне берген дерегіне, болжанған газ қорының көлемі – 62 трлн текше метр болса, мақұлданып және алынатын көлем – 4 трлн текше метр. «Біз қазірдің өзінде он бесінші орындамыз, бірақ бұл тек бастамасы ғана. Егер бұл жердің астындағы 62 трлн текше метрді газды дәлдік барлаумен өндіре алсақ, көшбасшы 10 елдің қатарына кіре аламыз», – дейді Санжар Жаркешов.

БҰҰ бытыр жер бетіндегі дәлелденген көгілдір отын қорының көлемі 210 трлн текше метр деп мәлімдеген. Бұл дерекпен салыстырсақ, Қазақстанның мүмкіндігі мен әлеуеті алда екенін аңғару қиын емес секілді. Ел Үкіметі газ саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі Кешенді жоспарын қабылдады. Онда газдың ресурстық базасын ұлғайту, газ нарығын реформалау ісі көзделіп отыр. Демек, алдағы үш жылда аталған саладан еститін жағымды жаңалық та көп болмақ.

# МОБИЛЬДІ ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ МАҚСАТЫ АЙҚЫН



Биылғы 1 шілдеден бастап Әлеуметтік кодекс күшіне енгені белгілі. Оның шеңберінде елімізде Еңбек мобильділігі орталықтары құрылды, ал халықты Жұмыспен қамту орталығы, Мансап орталығы болып қайта құрылған болатын. Біз облыс орталығындағы Еңбек мобильділігі орталығында болып, атқарылған жұмыстар туралы сұрап білдік.



«Жанадан құрылған Еңбек мобильділігі орталықтарының негізгі қызметі — жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысты талдау, болжау негізінде, өнімді еңбек ресурстары теңгерімін қамтамасыз ету, өңірлік жұмыспен қамту карталарын әзірлеу және оларды жергілікті жерлерде іске асыру, жұмыспен қамтудың барлық мемлекеттік бағдарламалар мен жеке бастамалар шеңберінде ашылатын жұмыс орындарының құрылуына мониторинг жасау, жұмыс іздеуші ретінде жүргізілетін және жұмыссыз адамдарды тіркеу, халықты, жергілікті атқарушы органдарды және уәкілетті мемлекеттік органды өңірлік еңбек нарығының жай-күйі туралы хабардар ету», — деген еді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты жұмыспен қамту департаментінің директоры Асқар Ниязов.

Иә, БҚО-ғы Еңбек мобильділігі орталығы да осы жоғарыда аталған талаптар бойынша жұмыс істеп жатыр. Орталық директоры бүгінге дейін Мансап орталықтарына 41 мыңнан астам адам келгенін, оның ішінде 25 мың адам жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамтылғанын атап өтті.

Мансап орталығына келіп жұмыс тапқан жандардың бірі — Гүлнар Мырзашева. Ол кісі «Күміс жас» бағдарламасы арқылы балабақшаға тәрбиешінің көмекшісі болып жұмысқа орналасыпты.

— 2021 жылы Қазталов ауданынан көшіп келдім. 2023 жылдың ақпан айында мансап орталығына келдім. Сосын мансап орталығына жұмыссыз ретінде тіркелдім. Мені екі-үш жерге жұмысқа жіберді. Бірақ денсаулығым байланысты бас тарттым. Көп баламен жұмыс істей алмаймын. Сосын баласы аз балабақшаға сұрандым. Кейін мені «Күміс

жас» жобасы аясында жеке балабақшаға жұмысқа жіберді. Қазір ерекше балалар орталығында тәрбиешінің көмекшісі болып жұмыс істеймін. Жұмысым ұнайды. Ол жерде 30 бала тәрбиеленеді. Еңбекке қатысты ай сайын алып отырмын әрі мемлекеттен 70 пайыз субсидия түседі, — дейді Гүлнар Мырзашева.

Орталық директорының айтуынша, облыста Гүлнар секілді жасы 50-ден асқан адамдарды «Күміс жас» бағдарламасы арқылы жұмысқа орналастыру шаралары белсенді жүріп жатыр.

— Бізде субсидияланатын жұмыс орындары бар. Бұған әлеуметтік жұмыс орындары жатады. Жұмыс берушінің қойған талаптарының 35 пайызын субсидиялайтын жұмыс орны бар. Мұндай кезде азаматтар жұмысқа бір жыл мерзімге жолданады. Бұдан бөлек, «Күміс жас» жобасы 50-ден асқан азаматтардың жұмысқа орналасуына үлкен мүмкіндік беріп отыр. Жобада жұмыс берушінің қойған талаптарының үш жыл бойына субсидиялайды. Бірінші жылы 70 пайыз, екінші жылы 65 пайыз, үшінші жылы 60 пайызын субсидиялайды. Бұл зейнет алды жасындағы азаматтарымыз үшін таптырмас мүмкіндік. Кейін сол жерде зейнетке шыққанша тұрақты жұмыс істеп қалады, — дейді Еңбек мобильділігі орталығының директоры Аэлита Абулхаирова.

Ашылғанына көп бола қоймаған Мансап орталықтары арқылы бүгінде 25 мыңнан астам адам жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамтылған. Еңбек мобильділігі орталығының директоры Аэлита Абулхаирова орталық қызметі туралы қысқаша баяндап берді.

«Мансап орталықтары еңбек нарығындағы барлық сұранысқа ие мамандықтарды зерделеу, болжау қандай да бір

ұсыныстарды енгізу бағытында жұмыстарын атқарып жатыр. Сонымен қатар жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тартуды да белсенді жүргіземіз. Биылғы жылғы үлкен өзгерістердің бірі Жастар тәжірибесі бағдарламасына қатысудың мерзімі өзгерді. Қазір жасы 35-ке дейінгі жастар «Жастар практикасына» қатыса алады. «Алғашқы жұмыс» орны бағдарламасы бар. Бұл өзі аты айтып тұрғандай жастарымызға ең алғашқы тәжірибе жинау мақсатындағы берілетін мүмкіндік. Бұл бағдарлама бойынша жастар жұмысқа бір жыл жарымға жолданады. Бағдарламаға тек жасы 35 жастан аспаған жастар қатысады. Ешқандай жұмыс тәжірибесі болмауы керек. Қазір 15 мыңнан астам жұмыссыз азамат бар», — дейді ол.

Еңбек мобильділігі орталығы негізінен еңбек нарығын зерттеумен айналысады. Нарыққа қажетті мамандықтар тізімі жасакталады. Мәселен, БҚО бойынша бүгінде білім, медицина, энергетика, қызмет көрсету салаларында қажетті мамандар тапшы. Бұдан бөлек, ірі компанияларда жұмысшы күші жетіспейді. Мансап орталықтары еңбек нарығына қажетті мамандарды жұмыс берушінің сұранысына сай қысқа мерзімді курстарға да жіберіп отырады.

— Жұмыс берушінің сұранысына сәйкес, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуларға мамандар жібереміз. Яғни, жұмыс берушінің сұраған мамандық иесін қысқа мерзімді курстар арқылы оқытамыз. Ол кезде мемлекет тарапынан оқитын адамның шәкіртакысы, жол жүру ақысы, пәтер жалдау ақысы түгел төленеді, — дейді Еңбек мобильділігі орталығының директоры Аэлита Ғұмарқызы.

Еңбек мобилділігі орталығы күні кеше ғана облыс орталығында кең көлемді бос орындар жәрменкесін өткізді. Жәрменкеде 800-ден астам бос орындар ұсынылған.

— БҚО-да медицина, энергетика, білім саласында мамандар тапшы. Жұмысшы мамандарға сұраныс жоғары. Жәрменкеде 800-ден астам бос жұмыс орындар ұсынылды. Барлығы 60 астам жұмыс беруші қатысып отыр. Қазір бұл жерде облыстағы ең ірі кәсіпорындар, білім беру, медицина ұйымдары, шетелдік компанияның өкілдері бәрі бар, — деп атап өтті Аэлита Абулхаирова.

Жәрменкеге кәсіпін енді бастаған жас кәсіпкерлер де тартылған. Бұл жас кәсіпкерлердің барлығы да — мемлекеттен қайтарымызсыз грант алып кәсіпін бастағандар.

**Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,**  
Батыс Қазақстан облысы



## ЖАЙЫҚТЫҢ ЖАҒДАЙЫ АЛАНДАТЫП ТҰР

Бір кездері дүниежүзіне Еуропадағы үш ірі өзеннің бірі ретінде танылған Жайық өзенінің күн санап тартылып бара жатқаны қазір жаңалық болмай қалды. Тартылуы салдарынан бара-бара Жайық өзенінің ұзындығы қысқарып қалуы мүмкін. Қазір трансшекаралық өзеннің орташа су көлемі үш есеге дейін азайған. Жайықтың тартылуы бір Атыраудың емес, Қазақстан мен Ресей деңгейінде шешілуі тиіс күрделі мәселеге айналып отыр.

Ашығын айту керек, Жайық өзені су ресурстарының 80%-ға жуығы Ресей аумағында қалыптасатындықтан, өзеннің төменгі ағысында орналасқан Атырау облысы көршілес мемлекет тарапынан келетін су көлеміне тәуелді болып отыр.

Мамандардың айтуынша, қазір көктемгі су тасқыны кезіндегі Жайықтың қалыпты деңгейі үш есеге дейін азайып, 140 сантиметрге жетіп отыр. Қазір Атырау облысында түп терендету және жағалау бекіту жұмыстары жүріп жатыр. Алайда Жайық өзенінің соңғы үш жылда арналары таязданып, экологиялық зардап шегу алында түр.

«Өзеннің орташа көпжылдық ағынының қалыпты көлемі 9,46-дан 2022 жылы орташа жылдық ағыны 4,93 текше метрге, яғни 2 есеге төмендеді. Осыған орай, бірінші кезекте өзеннің су ағынын ұлғайту қажет етіледі. Ол үшін Жайық өзенінің жоғары жағында орналасқан су қоймаларынан төмен қарай су жіберу көлемін арттыру, оның ағысын үйлестіру мәселелеріне және өзеннің ғылыми-зерделеу жұмыстарын ұйымдастыруға Экология табиғи ресурстар министрлігі мен Су ресурстары және ирригация министрлігі ерекше назар аударуды қажет», — дейді Атырау облысы әкімінің орынбасары Жасұлан Бисембиев.

Жайық өзенінің сағасы қатты лайлануына байланысты, өзен сағасы мен кеме қатынасы арнасы таязданып, бұл жағдай кемелер қозғалысына мүмкіндік бермей, балықтардың өтуіне де кедергі келтіріп жатыр.

Жайық өзенінің, Каспий теңізінің тартылуы Атыраудағы жалғыз порттың жабылу қаупіне әкеп тұрғанын бұған дейін жазған болатынбыз. Бірақ мәселені түбегейлі шешуге жергілікті билік қауқарсыз. Әзірге бірнеше жылдан бері Жайық, Қиғаш өзендерін түп терендету жұмыстары жүріп жатыр.

Соңғы рет аталған өзендерде терендету жұмыстары өткен ғасырдың 80 жылдары жүргізілген еді. Өткен 40 жыл ішінде су тоғандарындағы су апатты жағдайға дейін төмендегенімен қоймай, Жайық өзені шамадан тыс ластанған. Аталған өзендердің түп терендету жұмыстарымен «Павлодар өзен порты» АҚ айналысуда.

Облыс көлемінде 2017-2020 жылдары Жайық және Қиғаш өзендерінің 152 шақырымында түп терендету жұмыстары жүргізіліп, Жайық өзенінің 43 шақырымы, Қиғаш өзенінің 109 шақырымына жұмыстар аяқталды.

Бүгінде Жайық өзенінің жалпы ұзындығы 52,1 шақырым болатын бөлігінде, Қиғаш өзенінің жалпы ұзындығы — 99,571 шақырым болатын бөлігінде су көлемін ұлғайту және гидрологиялық режимін жақсарту жұмыстары жүріп жатыр. Атырау облыстық Құрылыс басқармасының мәліметінше, аталған жұмыстар Жайық өзенінде биыл, Қиғаш бойында 2024 жылы аяқталады.

Осындай жұмыстар Зарослы өзенінде, Приморский каналында, Жайықтың сол жақ жағалауы №3 және №6 өзекте жүргізілген. Қиғаш өзенінде 2022 жылдың тамызында басталған түптердету жұмыстары 2024 жылдың желтоқсан айына дейін жүргізіледі. Бүгінге дейін Понкрашино, Линево, Баткашный және Сафоновка арналарында жалпы ұзындығы 55 шақырым (км) терендету жұмыстары жасалған.

Мемлекеттік тапсырысты орындаушы мамандардың айтуынша, Жайық және Қиғаш өзендерінің түбін терендету бойынша іс-шаралардың басты мақсаты — балық жүретін арналарда балықтың жойылып бара жатқан бағалы тұқымдарының өсімін ұлғайту, балықтардың ұылдырық шашуға еркін өтуін қамтамасыз ету. Бұл жұмыстар өзен ортасының биологиялық алуан түрлілігі үшін қолайлы жағдай жасау, сондай-ақ мелиорация және өзен арналарын терендету бағытталған.

Айта кету керек, трансшекаралық стратегиялық маңызы бар Жайық өзенінің ұзындығы 2482 шақырымды құрайды. Өзен Ресейдің Башқұрт Республикасы, Челябинск мен Орынбор облыстарынан өтіп, Батыс Қазақстан мен Атырау облыстары арқылы Каспий теңізіне құяды. Гидрогеолог мамандардың айтуынша, егер Жайық мәселесі жақын жылдары оң шешімін таппаса, өзеннің ұзындығы қысқарып, Каспий теңізіне жетпей қалуы өлден мүмкін.

**Баян ЖАНҰЗАКОВА,**  
Атырау облысы



**Сатып алуды ұйымдастырушы:** Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

**Сатып алудың әдісі:** Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 23-бабының F — тармағы негізінде, екі кезеңдік конкурс тәсілімен университеттің 2023-2024 оқу жылында 40 білім беру бағдарламаларын аккредиттеулерді ұйымдастыру және өткізу үшін тәуелсіз Халықаралық аккредиттеу агенттіктерден қызметін сатып алу.

**Лот №1. Университеттің 2023-2024 оқу жылында 40 білім беру бағдарламаларын аккредиттеулерді ұйымдастыру және өткізу.**

**Сатып алудың нысаны болатын қызметтердің орындалу мерзімі:** тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап әлеуетті өнім беруші 30 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге тиісті.

**Сатып алуға қатысу шарттары:** Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10 бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болатын қызметтерді сатып алу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;

3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Әлеуетті өнім беруші КҚС төлеуші болса көрсетілетін қызметтер бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде КҚС қоса қарастыруы керек.

5. Әлеуетті өнім беруші баға ұсынысы жалпы сомасының 5 % көлемінде өтімділігі қамтамасыз ету мақсатында ақшалай төлем жасалуы керек. Төлем тапсырмасының түпнұсқасын ұсынуы шарт.

6. Конкурса қатысушы әлеуетті өнім берушінің «халықаралық мәртебесін (статус)» айқындайтын дәлелді құжаттары болуы шарт.

Сатып алынатын қызметтердің тізімі мен келісімшарт үлгісін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

**Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 19.12.2023 (12:00), №201 кабинет.**

**Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:**

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

**Түркістан – тоғыз жолдың торабында орналасқан аймақ. Халқы тығыз орналасқан өңірде тіршілік қашан да қайнап жатады. Дегенмен қазіргі таңда Түркістан облысының бюджеті толықтай республикалық бюджет трансфертеріне тәуелді. Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндама жасаған облыс басшысы Дархан Сатыбалды бұл аумақтық бөлінумен тікелей байланысты екенін жеткізді. Себебі негізгі өндіріс орындары Шымкент қаласы аумағында қалып қойған. Ендігі мақсат – облыстың өндірістік әлеуетін тиімді пайдаланып, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы салаларын ары қарай дамыту.**



Кәмила ДҮЙСЕН

Облыс әкімі 2023 жылдың 10 айында Түркістан экономикасы оң өсімге қол жеткізіп, жалпы өңірлік өнім көлемі 3 трлн теңгеден асқанын атап көрсетті. Нақтырақ айтқанда, өнеркәсіп өнім көлемі 2 пайызға артып, 758 млрд теңгені құрады.

Дархан Сатыбалды өсім негізінен сүт, тоқыма және электр жабдықтары өндірісінің есебінен орын алғанын жеткізді. Дегенмен қазір облыс өнеркәсібінің негізін тау-кен, яғни уран өндірісі құрайтынын айтты.

«ҚазАтомпром» ұлттық компаниясы Созақ ауданында күкірт қышқылын өндіретін зауыт салуды жоспарлап отыр. Жер учаскесі анықталып, компания тарапынан техникалық-экономикалық негіздеме әзірленуде. Ендігі жылы құрылысы басталады. Жобаның құны – 100 млрд теңгеге жуық», – деп нақтылады өңір басшысы.

#### АГРОАЙМАҚ АЛДА КЕЛЕДІ

Аймақтың агросалдадағы жетістіктері де аз емес. Атап айтқанда, отандық брендке айналған «онтүстіктің өнімі» республикада көш бастап тұр. Мәселен, биыл он ай ішінде облыста 1 трлн теңгеден аса ауыл шаруашылығы өнімі жиналған. Өңір басшысы Дархан Сатыбалдының айтуынша, егістіктерді әртарапандыру нәтижесінде көкөніс, бақша өнімдерінен рекордтық 3,3 млн тонна жиналды. Сондай-ақ салада жаңа технологиялар кеңінен қолданылуда.

«Қарқынды бау көлемі 5 405 гектарға жеткізілді. Нәтижесінде, өнімділік

Аймақ басшысы жылыжай шаруашылықтарын қолдаудың жаңа тетіктері әзірленіп, жылыту шығындарын субсидиялау ережесі бекітілгенін жеткізді. Ал жылыжайларды бір орталықтан қатты отынмен қамтамасыз ету үшін арнайы кооператив құрылып, көмір өндірушілерден тікелей тасымалдау келісілгенін айтты.

Сонымен қатар мақтаның нарықтық бағасы жыл сайын құбылады әрі экспортқа тікелей тәуелді. Осыған байланысты мақта-тоқыма кластерін құру жобасы әзірленген.

«Қазір шетелдік ірі тоқыма компанияларымен Өнеркәсіпті дамыту қоры арқылы бірқатар жобаларды жүзеге

айында да алдыңғы қатарда екенін атап көрсетті. Оның мәліметінше, мал басы өнімділігі орташа есеппен 5 пайызға өскен. Ет экспорты бойынша облыс республикада көш бастап тұр. Экспортқа шығарылатын ірі қара мал етінің 85 пайызы, ұсақ мал етінің 60 пайызы – оңтүстік өңірдің үлесінде. Облыс әкімінің айтуынша, аймақтағы халқтың 80% ауылда қоныстанған. Негізгі кәсібі – ауыл шаруашылығы. Басқа саламен салыстырғанда табыс төмен. Осыған орай, ауыл халқының әл-ауқатын жақсарту мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, биылдан бастап «Ауыл аманаты» жобасы 6 бағытта іске асырылуда. Бұл мақсатқа бюджеттен 19,8 млрд теңге бөлінген. Пилоттық жобаға енген 64 ауылдық округте 14,8 млрд теңгеге 2 496 жоба қаржыландырылып отыр.

Нәтижесінде, 3 413 жаңа жұмыс орны ашылады, қосымша 30 млрд теңгеге өнім өндіріледі, жобаға қатысушылардың орташа табысы өседі, атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны азаяды, қайта өңдеу кәсіпорындарының жүктемесі ұлғаяды деп күтілуде.

#### КӘСІПКЕРЛІККЕ БАСТАУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Түркістан өңірінде шағын және орта бизнесті дамыту үшін қолайлы ахуал қалыптасқан. Облыс әкімінің мәліметіне сәйкес, өңірдегі кәсіпкерлік субъектілерінің саны биыл 28 мыңға артып, жалпы 213 мыңға жеткен.

Облыс басшысының айтуынша, шағын және орта бизнесті қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету үшін бүгінде Сауран ауданында 30 гектар аумақта шағын өнеркәсіптік аймақ жобасы іске асырылуда. Жобаға сәйкес, алда-

кәсіпкерлер сомасы 1 трлн теңгеден асатын өнім шығарған.

Сондай-ақ іскер азаматтарды қолдау мақсатында келесі жылдан бастап ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау қоймаларын салу үшін жұмсалған инвестициялық шығынның 50 пайызын өтеу мәселесі шешілген.

Бұған қоса, ауыл халқының жағдайын жақсарту мақсатында 6 бағытта «Ауыл аманаты» жобасы қолға алынған. Бұл мақсатқа бюджеттен 19,8 млрд теңге бөлінді. Пилоттық жобаға 64 ауылдық округ белгіленіп, бүгінге

компаниямен келісімге қол қойылды. Келісім аясында өңірде жиназ, шұлық өндірісі, мақта шітін өңдеу және сұрыптау, полиэтилен пленкаларын және тамшылатып суғару жабдықтарын шығаратын кластерді дамытуды жоспарлап отырмыз, – деді Дархан Сатыбалды.

2023–2026 жылдарға жалпы құны 3,3 трлн теңгені құрайтын 194 инвестициялық жобалардың пулы қалыптастырылды. Нәтижесінде, өңірде 16 467 жұмыс орны ашылады. Биыл 51 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Бүгінге дейін жалпы көлемі 85 млрд теңгеге жуық 39 жоба іске қосылды. Сонымен қатар шетел инвесторларын облысқа тарту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін бірнеше маңызды жобаларды іске асыру жоспарлануда. Өңдеу өнеркәсібінде құны 30,2 млрд теңге болатын 20 жоба іске асырылып, 594 жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Бүгін 11 млрд теңгеге 384 жаңа жұмыс орны бар 10 жоба іске қосылды. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасатын болады. Өңірдегі ірі жобаларды іске асыру есебінен алдағы бес жылда бюджетке қосымша 100 млрд теңгеге өзіндік кіріс кіреді деп жоспарланып

# ӨҢІР ЭКОНОМИКАСЫ ЖАҢА БЕЛЕСТІ БАҒЫНДЫРДЫ

отыр. Сонымен қатар өңдеу өнеркәсібінде 20 жобаны іске асыру жоспарланып, бүгінде 10 жоба іске қосылған.

#### ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ЖЕТІК ЕЛ ОЗАДЫ

Түркістан облысында халықты ауызсумен, табиғи газбен және орталықтандырылған электрмен қамтуды ұлғайту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде. Облыс әкімінің дерегі бойынша, биыл ауызсумен қамтылған елді мекендердің жалпы саны 719-ға жеткен. Қосымша 20 елді мекенде жаңа



5 есеге артып, 350 центнерге дейін өнім жиналуда. Су үнемдеу технологиясы 31 788 гектарға, «Бір алқаптан жылына 2-3 өнім алу» жобасы ендіріліп, суды 2 есе үнемдеуге мүмкіндік беріп отыр. Жылыжайлардың жалпы көлемі 1 640 гектарға жетіп, 140 мың тонна өнім жиналды. Бұған қоса, 100 гектардан агроаймақ құрып, 2027 жылға дейін 500 гектарға жаңа жылыжай салуды жоспарлап отырмыз», – деп мәлім етті облыс әкімі.

асырып, мақта бағасына экспорттық тәуелділікті төмендетуді көздеп отырмыз. Сондай-ақ мақта дақылдың рентабельділігі жоғары дәндік жүгері дақылдармен алмастыру мақсатында «Жылына 150 мың тонна жүгері дәнін терен өңдеу зауыты» жобасы жүзеге асырылуда. Құрылыс басталды, 2025 жылдың соңына дейін аяқталады», – деді өңір басшысы.

Дархан Сатыбалды Түркістан өңірі ауыл шаруашылығының дамуы бо-

ғы 3 жылда 42 өндірістік ғимарат салынады. Олар кәсіпкерлерге жеңілдетілген талаптармен ұсынылатын болады.

«Кәсіпкерлер 21,3 млрд теңгеге жеңілдетілген несиелендіру көлемі 40 млрд теңгеден асыруды межелеп отырмыз», – деп атап көрсетті Дархан Сатыбалды.

Өз ісін бастауға ниет білдірген азаматтарға «Түркістан» кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы» арқылы 20 мыңнан астам қызмет түрлері тегін көрсетілгенін жеткізген өкімінің айтуынша, жыл басынан бері түркістандық



дейін 15,6 млрд теңгеге 2 632 жоба қаржыландырылды.

«Жобаны іске асыру нәтижесінде 3 413 жаңа жұмыс орны ашылады, қосымша 30 млрд теңгеге өнім өндіріледі, жобаға қатысушылардың орташа та-

су құбырлары салынады, 11 елді мекенде тозығы жеткен су жүйелері жанартылады. Нәтижесінде, 88,6%, яғни 738 елді мекен және 2 068 мың адам таза ауызсуына қол жеткізеді.

– Қалған елді мекендерді алдағы үш жылда толық қамту жоспарлануда. Табиғи газбен қамтамасыз етуге келетін болсақ, 465 елді мекенде газ құбыры жүргізілді. Биыл 63 нысанның құрылысы аяқталып, қосымша 52 елді мекен табиғи газға қосылуға мүмкіндік алады. Нәтижесінде, газбен қамтылған елді мекендердің жалпы саны 517-ге жетті. Сондай-ақ облыста 98% немесе 816 елді мекен орталықтандырылған электр желісімен қамтамасыз етілген. Қалған 16 ауыл қашықтыққа байланысты басқа қуат көзімен (күн панелдері, дизельді генераторлар) қамтамасыз етілген. Бес жыл ішінде облыстың 214 елді мекені сапалы электр энергиясын тұтынуға мүмкіндік алды. Биыл тағы 47 елді мекен қосылатын болады, – деп толықтырды Дархан Сатыбалды.

Дегенмен облыста электр энергиясы тапшы екені жасырын емес. Облыс әкімінің айтуынша, аймақта әлі де 320 МВт көлеміндегі электр энергиясына деген қажеттілік бар. Оның 80%-ы сыртқы көздерден тасымалданады. Бұл мәселені шешу үшін «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, қуаты мың МВт бу-газ орнату станциясын салу жоспарлануда. Бүгінгі таңда нысанға арналған жер учаскесі анықталып, құрылыс жұмыстары басталған.



Өз ісін бастауға ниет білдірген азаматтарға «Түркістан» кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы» арқылы 20 мыңнан астам қызмет түрлері тегін көрсетілгенін жеткізген өкімінің айтуынша, жыл басынан бері түркістандық кәсіпкерлер сомасы 1 трлн теңгеден асатын өнім шығарған.

#### ИГІЛІГІ МӨЛ ИНВЕСТИЦИЯ

Облыс әкімінің айтуынша, өңірлік экономикаға тартылған инвестиция 1,4 есеге артып, көлемі 751,4 млрд теңгеге жеткен. Оның ішінде 532,6 млрд теңгесі – жеке инвестиция, 178,3 млрд теңгесі – бюджеттік инвестиция. Ал тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 225,3 млн АҚШ долларын құрап отыр.

– Бүгінде инвестиция көлемі 2,6 трлн теңге болатын 10 қытайлық

Соңғы бес жылда Маңғыстау облысына 3 трлн теңгеден астам инвестиция тартылып, өңір экономикасының серпінді дамуына септесті. Биыл 10 айдың қорытындысы бойынша негізгі, капиталға шамамен 840 млрд теңге тартылды, бұл былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда бұл 45%-ға артық. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында өткен баспасөз мәслихатында Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев хабарлады.

Биыл жыл басынан бері 12 инвестициялық жоба іске қосылды. Құйылған жалпы инвестиция көлемі 11 млрд теңгеден асады. Оның ішінде ет комбинаты, металл прокат, арнайы жабдықтар мен техника, сондай-ақ темірбетон мен антифриз өндірісі бар.

Жыл соңына дейін жалпы құны 9 млрд теңге болатын тағы үш жобаны іске қосу жоспарлануда, бұл 90-ға жуық жана жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар алдағы үш жылда тағы 54 инвестициялық жобаны іске асыру күтілуде. Бұл жобалар өңір экономикасына 1,4 трлн теңге көлемінде қаржы тартуға және 6 мыңнан астам жана жұмыс орындарын құру мақсатында жоспарланған.

Негізгі жобалардың бірі — Svevind немис-швед компаниялар тобы жоспарлаған жасыл сутегі зауытының құрылысы. Бұл жоба тұщыландыру зауытының құрылысын, жанартылатын энергия көздері стансасын, сондай-ақ 2 млн тонна «жасыл» сутегі өндіретін зауытты пайдалануды қамтиды. Сондай-ақ ресейлік «Лукойл» мұнай компаниясының қатысуымен «Қаламқас, Хазар және Әуезов» кен орындарын игеру жобасы ерекшеленеді. 2024 жылы алдын ала жобалауды (FEED) іске асыру кезеңін бастау жоспарлануда. Жобаны ұйымдастырудың бастапқы кезеңінде 2 мың жұмыс орны құрылады. Өндіріс 2028 жылы басталып, жылына 4 млн тонна мұнай өндіріледі деп күтілуде, — деді Маңғыстау облысының әкімі.

Сонымен қатар Kazpetrodrilling казахстандық компаниясымен стратегиялық ынтымақтастық шеңберінде Маңғыстау аумағында құбыр өнімдері мен сорғы-компрессорлық құбырлар өндіретін зауыттар салуды көздейтін ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды.

Бұдан басқа, өңірде азық-түлік қауіпсіздігін, өнеркәсіптік және экспорттық әлеуетті нығайту шеңберінде KazAzot Prime ЖШС аммиак-карбамид кешенін салу жоспарлануда, сондай-ақ облыстың көлік-логистикалық әлеуетін арттыру мақсатында бүгінде YDA Group түрік компаниясы Каспий теңізінің акваториясында кеме жасау верфін салу жөніндегі жобаны іске асыруға мүдделі.

Сонымен қатар трансұлттық компанияларды тарту шеңберінде канадалық Condog компаниясының (Қазақстандық Qazaq LNG ЖШС компаниясы атынан) сұйытылған табиғи газ өндіру жобасын іске асыру жоспарланған. Бұл жобалар өндірістік қуаттылықты арттыруға, экономиканың ілесіп салаларын дамытуға ықпал етеді. Бұл жалпы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына мультипликативтік әсер етеді, — деді Нұрлан Ноғаев.

#### МЕТАНМЕН ЖҮРЕТІН ЖАНА АВТОБУСТАР ПАЙДА БОЛДЫ

Маңғыстау облысында өңір экологиясына оң ықпал ететін автобустардың жана буыны пайда болды. Ақтауда қалалық бағыт бойынша жолаушыларды тасымалдайтын 30 жана автобус өз жұмысын бастады. Сонымен қатар жана автобустар «Ақтау — Әуезай» бағытында қатынайды. Жакын арада метанмен жүретін тағы 90 автобусты пайдалануға беру жоспарлануда.

Жана көлік (автобустар) жергілікті бюджеттен және өнеркәсіпті дамыту қоры АҚ қаражаты есебінен сатып алынды, яғни жергілікті бюджет есебінен 1,1 млрд теңге, қалған соманы өнеркәсіпті дамыту қоры АҚ қаржыландырды. Барлық автобустар ауаны баптау жүйесімен, бейнебақылау камераларымен және мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған пандуспен жабдықталған. Жалпы, жоба 9,2 миллиард теңгеге бағаланады.

Жана автобус инфрақұрылымының маңызды бөліктері — арнайы диспетчерлік жүйе қоғамдық көлік бағыттарының қозғалысын, ал камералар автобус салонның бақылауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ автобустарды отынмен қамтамасыз ету үшін облыста алғашқы рет ерекше газ құю стансасы — метан стансасы пайдалануға берілді.

«Жана автобустарда газ моторлық қозғалтқыштарды пайдалану ауаға тарайтын зиянды қалдықтар көлемін азайтуға және субсидиялау саласында бюджет қаражатын ұтымды пайдалануға ықпал етеді», — деді Нұрлан Ноғаев.

Өңір басшысы негізгі мақсат — Маңғыстау облысында жолаушылар көлігінің қауіпсіз, жайлы және сапалы қызметтерін қамтамасыз ету екенін атап өтті. Ол сондай-ақ аймақтағы сұйытылған газды тұтынудың жоғары көрсеткіштерін атап өтіп, метанды пайдалану сұйытылған газға жүктемені төмендететініне сенім білдірді.

«Біздің мақсатымыз — Маңғыстау облысында жолаушылар көлігінің қауіпсіз,

# ИНВЕСТИЦИЯ ЭКОНОМИКАНЫҢ ТАМЫРЫНА ҚАН ЖҮГІРТЕДІ



жайлы және сапалы қызметтерін қамтамасыз ету, автобустарды күту уақытын қысқарту және жолаушылар тасымалы нарығына жана сапалы автобустар ұсыну», — деді Маңғыстау облысының әкімі.

#### СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖҮЙЕЛЕРІ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Маңғыстауда су тұщыту, бу-газды



қондырғылары мен турбоагрегаттар сияқты жабдықтарды салу және жаңғырту бойынша негізгі алты жобаны іске асыруды көздейтін «МАЭК» кәсіпорнын жаңғырту бағдарламасы әзірленді.

Маңғыстау облысы халқының қарқынды өсімі мен экономикалық дамуы аясында мәселелердің бірі — коммуналдық инфрақұрылымды жаңарту және оның қуатын арттыру. Бұл стратегиялық бастамалар тіршілікті қамтамасыз ету, инженерлік желілер мен сумен жабдықтау жүйесін жаңғыртуға бағытталған. Назар аударуды талап ететін негізгі факторлардың бірі — «МАЭК» кәсіпорны. Кешеннің энергетикалық жабдықтарының тозу деңгейі 81%-ды құрайды.

— Осыған байланысты Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша су тұщыту, бу-газ қондырғылары және турбоагрегаттар сияқты жабдықтарды салу және жаңғырту бойынша бірнеше негізгі жобаны іске асыруды көздейтін Кәсіпорынды жаңғырту бағдарламасы әзірленді. Осы жылы кәсіпорынның өз қаражаты есебінен турбоагрегаттарға, қазандық агрегаттарына және қосалқы жабдықтарға күрделі жөндеу жүргізілуде. Маңғыстау облысы өкімдігінің резервінен тозығы жеткен жабдықты ауыстыруға 2,6 млрд теңге бөлінді. Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша, жана жабдықтар мен жиындықтарды сатып алуға Үкімет резервінен тағы 4,9 млрд теңге бөлінді, — деп хабарлады өңір басшысы.

Сонымен қатар Ақтау қаласындағы өзекті мәселелердің бірі — инженерлік желілерді қайта жаңарту. Халықты сапалы коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету мақсатында 2026 жылға дейін Ақтау қаласының 25 шағынауданын 5 аймаққа бөліп, жалпы ұзындығы 919 шақырымды құрайтын инженерлік желілерді (су, көріз, жылу) жаңғырту жоспарланды.

«Бүгінде 1-кезең бойынша — жалпы сомасы 20,4 млрд теңге қаржыны құрайтын 19 жоба әзірленді (су бойынша — 6 жоба, көріз бойынша — 6 жоба, көріз тазарту стансалары — 6, жылу — 1 жоба). Биыл Ақтау қаласының 3 «а», 3 «б» және 1-шағынаудандарында жылу желілерін қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде (жалпы ұзындығы 10,2 км). Ол үшін республикалық бюджеттен 3,3 млрд теңге бөлінді

(жобаның жалпы құны — 11,5 млрд теңге). Сонымен қатар Ақтау қаласының 31 «а» шағынауданында жылу желілерін жаңарту жұмыстары басталды (ұзындығы — 0,7 шақырым, мердігерлік ұйым — «Теплоэнергострой» ЖШС, жобаның құны — 240,0 млн теңге). Республикалық бюджеттен 199 млн теңге бөлінді. Бұл нысан биыл желтоқсанда аяқталады деп күтілуде», — деді ОКҚ брифингінде Нұрлан Ноғаев.

Сонымен қатар Ақтау қаласында инвестордың жеке қаражаты есебінен қуаты тәулігіне 20 000 текше метр суды тұщыту зауытын салу жұмыстары жүргізілуде. Жобаның құны — 4,0 млрд теңге. Жоба кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Қазір зауыттың белгіленген қуаты тәулігіне 3 600 текше метрді құрайды. Жыл соңына қарай қуаттылықты 2 есеге арттырып, тәулігіне 7 200 текше метрге дейін жеткізу жоспарлануда.

Биыл Форт-Шевченко қаласында тәулігіне 5 мың текше метр (РБ — 4,2 млрд теңге) және Кендірлі ауылында тәулігіне 50 мың текше метр су тұщытатын қондырғыларды салу жұмыстары басталды.

#### «БЕЙНЕУ-ЖАНАӨЗЕН» МАГИСТРАЛДЫ ГАЗ ҚҰБЫРЫНЫҢ ЕКІНШІ ЖЕЛІСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Маңғыстау — Қазақстан бойынша табиғи газды ең көп тұтынатын аймақ. Былтыр өңірге 2,6 млрд текше метр көгілдір отын қажет болды. Бұл республика бойынша, ішкі нарықтағы тұтыну қажеттілігінің 19%-ын құрайды. Ел Президентінің тапсырмасымен 2023 жылдың қазан айында ұзындығы 308 шақырымды құрайтын «Бейнеу-Жанаөзен» магистралды газ құбырының екінші желісі бойынша газ беру басталды. Оның құрылысы өңірдің 2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары шеңберінде жүзеге асырылды. Бұл туралы Нұрлан Ноғаев баспасөз мәслихатында кеңінен тоқталып өтті.

Маңғыстау облысында газдандыру саласындағы жобаларды іске асыру қарқынды жүріп жатыр. Бұл газ тасымалдау жүйесінің қуаты мен өткізу қабілетін арттыруға, өңірдің табиғи газын тұтынудың өсіп келе жатқан көлемін жабуға және



суды құрайды. Жыл сайын суға сұраныстың өсімін ескере отырып, 2025 жылға қарай жалпы қуаттылығы тәулігіне 136 мың текше метр суды тұщытатын алты жобаны іске асыру жоспарлануда.

Сонымен қатар өңірдің әр тұсында жана тұзсыздандыру зауыттарының құрылысы белсенді жүргізілуде, аталған жобалар су тапшылығын жоюға ықпалдасады. «Каспий» су тұщыту зауыты қуатын тәулігіне 40 мың текше метрге жеткізудің 2-кезеңі бойынша жұмыс істеуде. 2022 жылдың жазғы кезеңінде тәулігіне 5 мың текше метр суды тұщытатын қондырғы пайдалануға берілді. 2024 жылдың сәуіріне дейін бұл жұмыстарды толық аяқтау жоспарлануда.

өңдіретін «МАЭК» ЖШС-ын тұрақты газбен жабдықтауды қамтамасыз етеді. Мәселен, «Бейнеу-Жанаөзен» газ құбырының екінші желісінің өткізу қабілеті жылына 5,8 млрд текше метрді құрайды. Бұған дейін «Оқарем-Бейнеу» газ құбыры осы бағыт бойынша 3 млрд текше метрден астам айдауды қамтамасыз еткен болатын. Енді екі газ құбырының жалпы өткізу қабілеті жылына шамамен 9 млрд текше метрге жетеді. Бұл өңірдің қажеттіліктерін толығымен жабады.

— Сондай-ақ тұрақты газбен жабдықтау мақсатында республикалық бюджеттен «Жанаөзен-Ақтау» магистралды газ құбырының 4 желісін салу жобасын іске асыруға 5,3 млрд теңге (148 км газбен жабдықтау желілері) бөлінді. Президенттің тапсырмасы бойынша, Құрық ауылы ауданындағы АГТС-тен «Саршадан» — «Жылы жағажай» курорттық аймағындағы «Риксос» қонақүйіне дейінгі жоғары қысымды газ құбыры да аяқталды. Бұл жоба Құрық кентін және жақын жерде орналасқан өндірістік объектілерді газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл жағажай туризмді дамыту үшін өте маңызды жоба, — деді Нұрлан Ноғаев.

Сондай-ақ іске асырылып жатқан «Каспий энергетикалық хабы» шеңберінде жана шағынаудандарды тұрақты газбен жабдықтау мақсатында «Жанаөзен-Ақтау» МГ құбырынан басталатын автоматтандырылған газ тарату стансасы бар магистральдық газ құбырының құрылысы жүріп жатқанын атап өткен жөн.

Ұзындығы 52 шақырымдық газ құбыры Ақтау қаласының жана шағынаудандарының, Мұнайлы ауданының Қызылтөбе, Дәулет және Баянды ауылдарының, сондай-ақ Түпқараған ауданының Ақшұқыр және Саин Шапағатов ауылдарының 150 мыңға жуық тұрғынын жылумен және тауарлық газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жобаны биыл жыл соңына дейін аяқтау жоспарлануда, ол үшін республикалық бюджеттен 3,7 млрд теңге бөлінді.

«Ауыл-ел бесігі» бағдарламасы аясында Түпқараған ауданында М.Горький атындағы мектеп-лицейіне жапсарлас салынған ғимарат пайдалануға берілді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 2025 жылға дейін 2 ауысымда 44 мың орындық 21 мектеп салу жоспарланған (2024 жылы — 13 мектеп, 2025 жылы — 8 мектеп). 13 мектеп бойынша мердігер ұйымдармен келісімшарттар жасалды, құрылыс жұмыстары басталды, — деді Нұрлан Ноғаев.

Білім беру мекемелерінің құрылысында демеушілік қолдау білім беруді дамытуда маңызды рөл атқарады. NCOC және Buzachi Operating LTD компаниялары бұл процеске белсенді қатысып, мектеп құрылысына қаражат құюда. Беки ауылында 100 орындық мектеп, ал С.Шапағатов ауылында 1 200 орындық мектеп салынады.

Сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылым әлеуетін арттыру саласында автомобиль жолдарының маңызы аса зор, сапалы жолдар өңір экономикасының өзегі екенін атап өткен жөн.

«Ауыл — ел бесігі» бағдарламасының басты бағдары 21 ауылды қамтиды және биыл автожолдарды салу және жөндеу жобаларына қомақты инвестицияларды тарту маңызын айқындай түседі

— Биыл орындалған жұмыстардың қорытындысы бойынша жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жай-күйінің 96%-ға дейін жақсарту жоспарлануда. Бұл тұрғындар үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге және жалпы облысты дамытуға маңызды қадам болмақ, — деді Нұрлан Ноғаев.

«Ауыл — ел бесігі» бағдарламасының басты бағдары 21 ауылды қамтиды және биыл автожолдарды салу және жөндеу жобаларына қомақты инвестицияларды тарту маңызын айқындай түседі

«Ауыл — ел бесігі» бағдарламасының басты бағдары 21 ауылды қамтиды және биыл автожолдарды салу және жөндеу жобаларына қомақты инвестицияларды тарту маңызын айқындай түседі

«Ауыл — ел бесігі» бағдарламасының басты бағдары 21 ауылды қамтиды және биыл автожолдарды салу және жөндеу жобаларына қомақты инвестицияларды тарту маңызын айқындай түседі

«Ауыл — ел бесігі» бағдарламасының басты бағдары 21 ауылды қамтиды және биыл автожолдарды салу және жөндеу жобаларына қомақты инвестицияларды тарту маңызын айқындай түседі

«Ауыл — ел бесігі» бағдарламасының басты бағдары 21 ауылды қамтиды және биыл автожолдарды салу және жөндеу жобаларына қомақты инвестицияларды тарту маңызын айқындай түседі

#### ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ҚАЛАЙ ДАМУДА?

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша өңірде әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, атап айтқанда, жалпы білім беретін мектептердің құрылысына көп көңіл бөлінеді. Өйткені Маңғыстау облысы бірнеше жыл қатарынан бала туу қарқыны бойынша рекорд жаңартты. Бұл қосымша білім беру ресурстарын қажет етеді. Аталған қажеттілікті шешу үшін облыс орталығында, елді мекендерде де жана мектептер салу жоспарлануда. Бұл туралы да аймақ басшысы Нұрлан Ноғаев толық мәлімет берді.

Маңғыстау облысының әкімі қалалар мен ауылдарды кешенді дамыту жана тұрғын аудандармен қоса қолайлы әлеуметтік инфрақұрылымды — яғни балабақшалар, мектептер, емханалар, ойын және спорт алаңдарын да салуды көздейтінін атап өтті.

Нұрлан Ноғаевтың мәліметінше, 2023 жылы білім беру жүйесін қаржыландыруға 209 млрд теңге қарастырылған, бұл облыс бюджетінің 43% құрайды. Облыста барлығы 188 жалпы білім беретін мектеп жұмыс істейді, оның ішінде 39-ы — жекеменшік мектеп. Соңғы үш жылда оқушылар саны 25 мыңға артты (2021 — 156 мың, 2022 — 175 мың, 2023 — 182 мың). Биыл 3 972 орындық 11 жекеменшік мектеп ашылды (Ақтау — 6, Жанаөзен — 2, Мұнайлы — 3).

Әкімдік нұсқауы әрі жетекшілігімен әлеуметтік нысандар қатары артып, әсіресе мектептер қадамдық қолжетімділікте болуы үшін тиісті жұмыстар атқарылып келеді. (Бұл үшін қазірдің өзінде бар білім беру нысандарын салу және кеңейту қарқынды жүріп жатыр).

— «Ауыл-ел бесігі» бағдарламасы аясында Түпқараған ауданында М.Горький атындағы мектеп-лицейіне жапсарлас салынған ғимарат пайдалануға берілді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 2025 жылға дейін 2 ауысымда 44 мың орындық 21 мектеп салу жоспарланған (2024 жылы — 13 мектеп, 2025 жылы — 8 мектеп). 13 мектеп бойынша мердігер ұйымдармен келісімшарттар жасалды, құрылыс жұмыстары басталды, — деді Нұрлан Ноғаев.

Білім беру мекемелерінің құрылысында демеушілік қолдау білім беруді дамытуда маңызды рөл атқарады. NCOC және Buzachi Operating LTD компаниялары бұл процеске белсенді қатысып, мектеп құрылысына қаражат құюда. Беки ауылында 100 орындық мектеп, ал С.Шапағатов ауылында 1 200 орындық мектеп салынады.

Сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылым әлеуетін арттыру саласында автомобиль жолдарының маңызы аса зор, сапалы жолдар өңір экономикасының өзегі екенін атап өткен жөн.

«Ауыл — ел бесігі» бағдарламасының басты бағдары 21 ауылды қамтиды және биыл автожолдарды салу және жөндеу жобаларына қомақты инвестицияларды тарту маңызын айқындай түседі

— Биыл орындалған жұмыстардың қорытындысы бойынша жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жай-күйінің 96%-ға дейін жақсарту жоспарлануда. Бұл тұрғындар үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге және жалпы облысты дамытуға маңызды қадам болмақ, — деді Нұрлан Ноғаев.

Сағындық РЗАХМЕТОВ,  
Маңғыстау облысы



## АДАМ ӨМІРІНЕ АРАШАШЫ БІЛЕЗІК

Технократтар заманында түрлі кеселдің алдын алуға, науқасқа уақытылы ем-дом шараларын көрсетуге арналған медициналық мүмкіндіктер артып келеді. Әлемді жаулаған өзекті мәселені шешуге енді қазақстандық жас ғалымдар да қол ұшын созбақ. Бүгінде елімізде науқастардың өмірін сақтап қалуға көмектесетін тағы бір айрықша құрылғыны жүзеге асыру жоспарланып отыр. С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетінің 6-курс интернатура студенті Аружан Қалиханова деменция, аутизм, альцгеймер синдромы, даун, шизофрения, сондай-ақ эпилепсия, қант диабеті және созылмалы аурулары бар адамдарға (астма, ХОБЛ, гипертония, аритмия) арналған білезік ойлап тапты.

— Білезікті жасап шығару идеясы 2-курста оқып жүрген кезімде келді. Далада бір кісі есінен танып қалып, айналадағы адамдар оны қоршап алды. Бірақ ол кісіде қандай жағдай болғанын, қалай көмектесу керек екенін ешкім білмеді. Сол сәтте адамға белгі беретін аксессуар немесе бірауыз сөз болғанда ғой деп ойладым. Сосын аутизм, деменциямен ауыратын науқастардың жақындары күртеге телефон нөмірін жазып қоятын көрдім. Сондықтан дәл осындай білезік жасаймын деп шештім. Уақыт — медицинадағы ең маңызды аспект. Жылдам көрсетілген көмек — көп асқынудың алдын алуға көмектеседі, — дейді жоба авторы Аружан.

Білезік — оның ойлап тапқан алғашқы жобасы. Қазір ол стартап әлемін белсенді түрде зерделеп, осы саладағы білімін тереңдетуді көздейді. Аружан медицина мен стартап әлемін ұштастыра отырып, денсаулықты сақтауға, адам өмірін құтқаруға үлес қосатын жобаларды іске асыру — алға қойған негізгі мақсаттарының бірі екенін айтты.

— Елімізде неврологиялық аурулардың саны күрт өсіп барады. Мысалы, аутизм синдромы бар балалардың немесе деменцияға

шалдыққан қарттардың білезігінде байланыс нөмірі көрсетілсе, олардың жақындары да алаңсыз жүрер еді. Балам аласып қалмады ма, анам қайда жүр деген сияқты уайымы азаяды. Өз қаламызды мысалға алайықшы. Алматының көшелерінде жерде жатқан адамдарды жиі кездестіреміз. Ең біріншіден, ішімдікке тойып алып, ұйықтап жатқан шығар деген ой келеді. Алайда ол есінен танып қалған болуы мүмкін. Оған жедел түрде көмек қажет. Егер көшеде өтіп бара жатқан адамдардың көзіне білезік түсетін болса, онда жерде құлап жатқан адамның қандай да бір ауруы бар екенін біледі. Білезіктің тиімді тұсы да осы — адамдардың назарын аудару, — дейді жоба авторы.

Аружанның айтуынша, осыған ұқсас білезіктер АҚШ-та да қолданылады. Мұнда тек QR код енгізілген. Егер оны өзге біреу сканерлейтін болса, науқастың өзі енгізген ақпаратты ғана шығады. Ал медициналық құжаттары мен пайдаланатын дәрі-дәрмегі туралы ақпарат көрсетілмейді. Сондай-ақ америкалықтар теңгемен есептегенде білезікті пайдалану үшін жылына 13 мың

тенге төлеуі міндетті. Бұл — білезіктің бағасынан бөлек сома. Төлем жасалмаған жағдайда, тиісінше QR код та істен шығады. Аружанның ойлап тапқан білезігінде барлық құжат пен маңызды ақпарат автоматты түрде ауысып отырады. Бағасы да қолжетімді болатын көрінеді.

— Науқас есінен танып немесе ұстамасы ұстап, сөйлей алмай, ахуалы туралы толық ақпарат бере алмайтын жағдайда білезік — таптырмас көмек. Адам білезіктегі «ингалинатор сөмкенің ішінде» деген ақпаратты көре сала бірден науқасқа медициналық көмек көрсете алады. Желді жәрдем дәрігерлері QR кодты сканерлеу арқылы науқастың медициналық картасына өтеді. Мысалы, фельдшер науқастың аллергиясы бар препаратты енгізетін болса, науқаста анафилактикалық шок немесе өміріне қауіп төндіретін асқынуды пайда болуы мүмкін. Бұл жерде қызметкердің де, науқастың да кінәсі жоқ. Кездейсоқ жағдай ретінде қарауымыз тиіс. Айналамызда бір ғана ауруы бар адамдар өте сирек кездеседі. Науқаста жүрек ауруымен қоса, өкпе ауруы болуы мүмкін. Онымен қоса, кейбір дәрілерге қарсы көрсеткіші болып жатады. Осындай ақпараттарды білу үшін білезік өз миссиясын атқарады, — дейді Аружан.

Жоба алғаш рет Әмиан ретінде жарыққа шығады. Әмианның ішінде медициналық карта болады. Мұнда QR код, байланыс нөмірі, егер науқастың аллергиясы болса, ол туралы толық ақпарат көрсетіледі. Әмианның басты ерекшелігі — науқас өзі қабылдап жүрген дәрі-дәрмегінің Әмианға салып жүруге



ынғайлы. Қажетті препараттың барлығы дәрігермен ақылдаса отырып қолданылады.

— Қазір осы Әмианды қолданысқа енгізу үшін тыңғылықты жұмыс істеп жатырмыз. Әмиан дайын болған кезде Алматы қаласындағы пациенттерімізге, мақсатты аудиториямызға білезіктерді таратамыз. Қолданушылардың қандай да бір ұсыныстары немесе шағымдары болса, барлығын ескере отырып жобамызды дамытуға күш саламыз. Осы процестен кейін ғана жобамызды ресми түрде іске қосамыз. Шамамен келесі жылы қолданысқа енгізіледі деген үміттеміз, — дейді А. Қалиханова.

Адам өмірі үшін маңызы зор жоба Demo Day байқауының финалисі атанған. Қазір KazNMU Endowment қоры ерекше білезіктің қоғамдық қолданысқа енуіне қолдау көрсетуге ниетті. Аружанның сөзінше, аталған қор жобаға серіктестер табуға, сонымен қатар маркетингтік тұрғыда дамытуға атсалысып жатыр.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,  
Алматы қаласы

## МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ДИАЛОГТІ ДАМЫТАДЫ



Әзербайжанның Баку қаласындағы Гейдар Әлиев орталығында Мәдениет және креативті индустриялар форумының ашылу салтанаты өтті. Жиынға Түркі мәдениеті мен мұрасы қорының президенті Ақтоты Райымқұлова қатысты.

Форум аясында қатысушылар кино, анимация, музыка, мәдениет саласындағы стартаптар, ойын технологиялары, сән, дизайн, сондай-ақ креативті кәсіптіктер мен аймақтар сияқты кластерлерді қамтитын мәдениет және креативті индустриялар көрмесімен танысты.

Түркі мәдениеті және мұрасы қорының президенті Ақтоты Райымқұлова форумының «Мәдениет пен креативті индустриялардың экожүйесін дамыту: халықаралық перспектива» тақырыбындағы панельлік сессиясында сөз сөйледі. Ол Түркі мемлекеттерінің басшыларына, соның ішінде Әзербайжан Республикасының президенті Ильхам Әлиевке қордың президенті лауазымына тағайындау кезінде көрсеткен сенімі үшін алғысын білдірді.

Қор президенті қазіргі цифрлық дәуірдегі мәдениет пен креативті салалардың маңызды рөлін атап өтті. Ол жаһандану мен мәдени интеграцияны жүзеге асыруда әр халықтың бірегей материалдық және рухани құндылықтарын құрметтеу арасындағы тепе-теңдікті сақтаудың маңыздылығын жеткізді. Ақтоты Райымқұлова өзі басқаратын ұйым мәдениетаралық диалогті дамытуға үлес қосатынын, сондай-ақ түркітілдес халықтар арасындағы қарым-қатынас пен өзара түсіністік үшін платформа болып табылатынын хабарлады.

Іс-шарада Әзербайжан Республикасының мәдениет министрі Әділ Керімлі, Әзербайжан Республикасы экономика министрінің бірінші орынбасары Эльнур Әлиев және басқа да лауазымды тұлғалар сөз сөйледі.

Естеріңізге сала кетсек, қараша айының басында Астанада өткен Түркі мемлекеттері ұйымының 10-шы саммитінде Түркі елдері Мемлекет басшыларының шешімімен Ақтоты Райымқұлова Түркі мәдениеті мен мұрасы қорының президенті лауазымына тағайындалған болатын.



## КӨШЕЛІ СӨЗДІ КІМ ҰҒАР?

Қазір көшеде жастарға сұрақ қойып, дұрыс жауабын тапқандар үшін ақшалай сыйлық ұсынып жүрген кәсіпкер мен блогер көбейді.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Алдыңан кездескен адамдарға қойылған сұрақтар әлеуметтік желіде желдей есіп жүр. Қайталанған сұрақтар жастардың құлағына сіңіп, жалында жаталады. Осындай сұрақ-жауапты алғаш ұйымдастырғандардың бірі — жас кәсіпкер Жанбол Ерболұлы.

— Табысымының белгілі бөлігін осындай әрекеттерге жұмсаймын. Қаржылай берілген сыйлық жауап берушілердің білімге деген ынтасын арттырып, қызықтыра түседі. Көп қалада болдық қой. Білімді жастар көп екеніне көзім жетті. Бірақ үлкен кісілердің арасында өткенімді білмейтін, ұлы тұлғаларымызды танымайтындары да кездескені жанымы қынжылтты.



Сондықтан бұл ісімді әлі де жалғастыра бермекпіз, — деді ол.

Көшедегі жүргіншілерге көп қойылатын сұрақтардың дені — «Қазақ хандығы қай жылы құрылды?», «Қазақ хандығында ұзақ уақыт билікте отырған ханды атаңыз»,

«Ыбырай Алтынсарин кім?» деген сияқты қисыны қиын емес сұрақтар. Берілген үш сұрақтың жауабын дәл тапсаңыз, 10 мың тенге сіздікі. Жобаның жүргізушілері тарихи-танымдық сұрақтардан бөлек ғылымда өшпес із қалдырған даналардың

суреттерін де жасырып, тапқан адамға сыйлық ұсынады. Арасында әттегенайлап қалғандары да кездеседі. Десе де, жеңіс жолынан тайдырған сұрақтың жауабы ұмытылмайтын есте қалатыны анық.

Сұрақ арқылы жастарға тарихымызды үйретіп, ұлттық руханиятымызды дәріптеп жүрген видеолар бар дедік. Одан басқа қоғамдық көліктердегі жазулар да қалың бұқараның назарын аударады. Бүгінде елорданың 500-ден астам қоғамдық көлігіне 1 500 ұлағатты сөз жабыстырылған. Мұндағы мақсат — тұлғалардың даналық сөздерін, өсиетін, тәрбие тұрғысынан берері мол қазынасын ел-жұртқа таныту. Сонымен қатар орналастырылған постерлерден басқа ірі тұлғалар туралы аудио-материалдар да бар. Тұлға атындағы көше аялдамаларына келген кезде әлгі аудио қосылады. Бұл шаралар артында із қалдырған тарихи тұлғаларды бұқараға жақынырақ таныстырып, дәріптейді. Мірдің оғындай нысанаға дәл тигізер қанатты сөздерді байқап, көкейіне түйіп жүрген астаналық тұрғынның бірі — Зухра Әміреқызы.

— Автобуста жазылған ұлы тұлғалардың қанатты сөздерін 1 ай бұрын байқадым. Төлем жасайтын уақытта жабыстырылған

постерлерді көзім шалып қалды. Кейіннен әр қоғамдық көлікке отырған сайын бірден осындай сөздерді іздейтін болдым. Әр автобуста — әртүрлі даналық сөздер. Міне, мына жерде Б. Момышұлының «Жаксылыққа жаксылық — әр кісінің ісі, жамандыққа жаксылық — әр кісінің ісі» деген постер тұр. Мұндай шаралар үлкендер үшін де, кішілер үшін де өте жақсы. Тиісті аялдамамызға жеткенше осындай қанатты сөздерді оқып, көп нәрсені есімізге түсіреміз. Біз жас емеспіз. Бұрын үйренген, оқыған дүниелерімізді кейде ұмытып қаламыз. Халқымыздың біртұрақ дана перзенттерінің даналық сөздері адам көп жүретін жерлерде насихатталып жатқанын көріп қуанып отырмын, — дейді қала тұрғыны.

Білім ордасынан тыс насихатталып жүрген нақыл сөздердің, бір жағынан, қоғамды алға сүйреп, қазақ баласының бірін-бірі қамшылап, сауатты болуына тигізер ықпалы орасан зор. Екіншіден, бұл — ұлы тұлғалардың халық үшін қалтқысыз еткен еңбегін жастардың санасына сіңіру, ой-толғамдарын кенінен дәріптеуде негізгі құралдардың бірі.



Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫБАҒАН —  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —  
Қарағанды облысы  
Назгүл НАЗАРБЕК —  
Шымкент қаласы  
Ербақыт ЖАЛАҒСАБЫ —  
Қызылорда облысы  
Баян ЖАНУЗАҚ —  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін — 35102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін — 45102  
Жеке жазылушылар үшін — 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді  
**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №4382  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Аматты-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114